баспасөз қызметі



ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ



БҮРКІТШІ ТӘТТІМБЕТ III Орын иеленді

Моңғолия Республикасының Баян-Өлгей аймағында дәстүрлі Дүниежүзілік «Бүркітшілер тойы» аясында III Азия чемпионаты өтті. Байрақты бәсекеде Қазақстан Республикасының құсбегілік спортынан ұлттық құрамасы жоғары нәтиже көрсетіп, жүлделі орындарға ие болды.

36 жылдық тарихы бар халықаралық дода Моңғолияның мәдени брендіне айналған. Жыл сайын әлемнің түкпір-түкпірінен мыңдаған туристер мен бүркітшілер қатысатын ерекше мереке. Қазақ құсбегілерін бұл жарысқа мемлекеттік жаттықтырушылар Арманбек пен Базарбек Күнтуған бастап барды. Жалпы, чемпионатқа 60-тан астам құсбегі қатысып, «қолға шақыру» және «шырға тарту» сайыстары бойынша сынға түсті. Қазақстан ұлттық құрамасы сапында ел намысын қорғаған Абай облысының бүркітшісі Тәттімбет Көпұлы «Қарагер» атты қыран құсымен жүлделі үшінші орынды, ал атыраулық құсбегі Арман Қошқаров «Аңырақай» атты бүркітмен екінші орынды иеленіп, ел абыройын асқақтатты.

Өз тілшіміз

Өңірлік коммуникациялар қызметінде

Биылғы жылдың алғашқы сегіз айында Бесқарағай ауданы әлеуметтік-экономикалық дамуда айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізген. Аудан әкімі Нұрбек Қошқарбаевтың Абай облысы өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында журналистермен кездесу барысында ұсынған мәліметтеріне сүйенсек, Бесқарағай ауданындағы 10 ауылдық округ пен 28 елді мекендегі халық саны бүгінде 16 915 адамды құрап отыр.

**Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ,
«Semey tany»**

БЕСҚАРАҒАЙДА ОҢ НӘТИЖЕ КӨП

Ауданның бюджеті мен салық саясатына тоқталар болсақ, 2025 жылға бюджет көлемі 5,3 млрд теңге көлемінде жоспарланған. Оның ішінде кіріс бөлігі - 1,6 млрд теңге, субвенциялар - 1,1 млрд теңге, облыстық және республикалық бюджеттен түсетін трансферттер - 1,9 млрд теңге, ал ауылдық округтерге бағытталған трансферттер 456,7 млн теңгені құрайды. Жыл басынан бері бюджеттің меншікті кірістері 99,7 пайызға орындалған.

Айта кетерлігі, биыл Бесқарағай алғаш рет облысқа салық төлеушілер қатарына еніп отыр. Ал ауданның экономикалық өсіміне келсек, 2025 жылдың қаңтар-тамыз айларында өнеркәсіп өнімінің көлемі 128,9 пайызға артқан. Өңдеу өнеркәсібіндегі өсім 250,7 пайызды, негізгі капиталға салынған инвестициялар 80,7 пайызды құрайды. Бөлшек тауар айналымы 123 пайызды құраса, ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі 130,7 пайыз. Өсімдік шаруашылығы 4,2 млрд теңгеге, мал шаруашылығы 13,6 млрд теңгеге тең көрсеткішке ие. Қаржыландыру бағдарламалары бойынша Бірыңғай кешенді бағдарлама аясында 3 кәсіпкер, «Кен Дала» бағдарламасы бойынша 20 шаруа қожалығы көктемгі дала жұмыстарына 2,1 млрд теңге несие алып, «Агробизнес» бағдарламасы аясында 357,2 млн теңге техника сатып алуға бағытталып отыр.

Бесқарағай ауданындағы туризм әлеуеті жайлы айтар болсақ, 2 қонақ үйі, 1 демалыс базасы және 3 сауықтыру лагері жұмыс істейді. Ертис өзені мен қарағайлы ормандар, сондай-ақ емдік қасиетімен танымал Шипалы көлі ауданның басты туристік қазынасына айналған. «Zhylandy Eco Village», «Маклаков Нәилы» балық шаруашылығы және «Шанырақ» спорттық-сауықтыру кешені секілді жаңа жобалар іске қосылып, туризмнің болашағына тың серпін бермек.

Нұрбек Тұрсынқанұлы жұмыспен қамту

және көші-қон мәселесіне де тоқталды.

Ауданда сегіз айда 557 тұрғын жұмыспен қамтылған. Оның ішінде 270 адам тұрақты жұмысқа орналасса, басқа өңірлерден 2 отбасы және қандастар мәртебесі бар 7 отбасы бүгінде ауданға қоныс аударған.

Аудан басшысының айтуынша, білім мен денсаулық сақтау саласында да оң өзгерістер жоқ емес. Бүгінде 21 мектеп, 5 балабақша, 19 шағын орталық жұмыс істейді. Биыл 8 мектепке жөндеу жүргізіліп, 17 жаңа пән кабинеті сатып алынған. Денсаулық сақтау саласында 11 жаңа нысан пайдалануға берілген. Сондай-ақ ауданда жыл басынан бері 450-ге жуық мәдени іс-шара өткізілген. «Жасыл ел» жасақтары 90 жасты жұмыспен қамтыған. Қазіргі таңда 83 спорт нысаны ел игілігіне берілген. Аудан бойынша 7 535 адам спортпен тұрақты түрде айналысады.

- Ауыл шаруашылығы саласына келсек, аудан бойынша ірі қара саны 46,2 мың, қой-ешкі 49,9 мың, жылқы 23,1 мың бас, құс 35,2 мыңға жетті. Суармалы жер көлемі 177,3 пайызға артып, 2,5 мың гектарға жетті. «Қалыңқұл», «Qazaq Onimi» және «AKSAY GROUP» секілді шаруашылықтар ірі жобаларды жүзеге асыруда. Инфрақұрылымдық жобалар аясында ауданның 24 елді мекені орталықтандырылған су жүйесіне қосылды. Биыл 9 елді мекенде жаңа су нысандарының құрылысы басталды. Жылыту маусымына дайындық та жүйелі жүргізілуде. Мектептер мен ауруханаларға қажетті көмірдің басым бөлігі жеткізілді, - деді Нұрбек Тұрсынқанұлы.

Қорытындылай айтсақ, Бесқарағай ауданы 2025 жылдың 8 айында әлеуметтік-экономикалық дамудың барлық саласында тұрақты өсімге қол жеткізді деуге болады. Инвестициялар тартылып, жаңа жобалар іске қосылуда, ауыл шаруашылығы қарқынды дамып, туризм саласы жаңаша серпін алуда.

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП



Әкімімізде «Учаске» жедел-профилактикалық іс-шарасы жалғасуда. Құқық бұзушылықтардың алдын алу, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сенімді қарым-қатынас орнату, учаскелік полиция жұмысының тиімділігін арттыру мақсатында өтіп жатқан іс-шара аясында тәртіп сақшылары 100 мыңнан астам үйді аралады.

Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихатында облыстық полиция департаменті жергілікті полиция қызметі басқармасы бастығы полиция полковнигі Әсет Әтепов мәлімдеді.

**Анар АХМЕТҚАЛИЕВА,
«Semey tany»**

ҚОҒАМНЫҢ ТЫНЫШТЫҒЫН САҚТАУ – БАСТЫ МІНДЕТ

Басқарма бастығының айтуынша, Абай облысында барлығы 110 573 пәтер және 112 899 жеке тұрғын үй бар. Профилактикалық іс-шара бастау алған 1 қыркүйектен бері құқық қорғау органдары қызметкерлері облыс аумағындағы 41 мыңнан астам пәтер мен 62 мыңнан астам жеке тұрғын үйді аралап, профилактикалық әңгімелер өткізген.

Іс-шара аясында ауылдық жерлердегі 3 226 шаруа қожалығы мен қыстақтың 1 830-ы тексерілген. Оның нәтижесінде 8 тіркелмеген қару, оқ-дәрілер тәркіленіп, тиісті шаралар қабылданған.

Полиция полковнигінің айтуынша, пәтерлер мен аулаларды аралау кезінде Талдықорған қаласы полиция басқармасында хабар-ошарсыз кеткендер қатарында іздеуде жүрген тұлға анықталып, тиісті органға тапсырылған.

- Жалпы облыс көлемінде 9 820 әкімшілік құқық бұзушылықтың жолы кесілді. Полицейлер аралау кезінде есірткі заттарын насихаттайтын

29 граффити жазбаны анықтады. Оның төртеуі бойынша, ҚР Қылмыстық Кодекстің 299-1-бабы негізінде сотқа дейінгі тергеу басталды. Қалған жазбалар жарамсыз күйде болғандықтан, номенклатуралық тіркеуге алынды, - деді жергілікті полиция қызметі басқармасы бастығы.

Жиын барысында айтылған деректерге сүйенсек, азаматтардың цифрлық қауіпсіздігін қамтамасыз ету де іс-шараның маңызды бағыты. Осы мақсатта тұрғындарға жаднамалар мен брошюралар таратылып, 700-ге жуық азаматқа онлайн-кредитті бұғаттау және алаяқтықтан қорғану бойынша мобилді қосымша арқылы кеңес берілген.

Абай облысының полиция департаменті тұрғындарды заң талаптарын сақтауға, құқық бұзушылықтың алдын алу шараларына белсенді қатысуға шақырады.

Еске сала кетсек, аталған іс-шара қараша айының 1-не дейін жалғасады.

600 ШАҚЫРЫМДЫҚ СУПЕРМАРАФОНДЫ ЕҢСЕРДІ

Астана қаласы аумақтық қорғаныс бригадасының бөлімше командирі 3-сыныпты сержант Рауан Әбілханов Астана - Көкшетау - Астана бағыты бойынша жаңа рекорд орнатып, кезекті 600 шақырымдық супермарафондық қашықтықты бағындырды.

Елорданың «Көктал» саябағынан марафонды бастаған әскери қызметші бүгін Қорғаныс министрлігінің ғимараты алдында мәреге жетті. Осы жерде марафоншыны әскери оркестрмен салтанатты жағдайда қарсы алды. Марафоншы мен оның командасына бауырсақ ұсынылып, қазақы дәстүрмен құрмет көрсетілді. Сап алаңында қуаныш пен мақтанышқа толы ерекше атмосфера орнады.

Жеңімпазды Қорғаныс министрлігінің басшылығы мен жеке құрамы, қызметтестері мен туған-туыстары қарсы алды. Қорғаныс министрінің орынбасары генерал-лейтенант Қаныш Әбубәкіров 3-сыныпты сержант Рауан Әбілхановтың бұл жетістігі әскери қызметшілердің рухын көтеріп, табандылығы мен патриотизмінің жарқын үлгісі болғанын атап өтті.

- Спорт пен армия - егіз ұғым, - деді ол. - 3-сыныпты сержант Рауан Әбілхановтың жеңістері спортты насихаттап, Қарулы күштердің әскери қызметшілерін жаңа жетістіктерге жетелейді.

Марафоншының өзі бұл рекордқа жету оңай болмағанын мойындады. Дегенмен, Қорғаныс министрлігі басшылығының, командирлерінің, жақындары мен жерлестерінің, сондай-ақ көптеген қазақстандықтардың қолдауы оған үлкен күш берген. Ауа райының күрт нашарлауына қарамастан, ол күніне 120 шақырым жүгіріп, өте ауыр қашықтықты өңсере алды. Мақсатына жетуге деген табандылығы мен тұрақты жаттығула-



ры 3-сыныпты сержант Рауан Әбілхановқа қажетті қарқынды сақтап, жүгіруді жалғастыруға мүмкіндік берді.

Әскери марафоншының айтуынша, бөлім басшылығы оған дайындық үшін екі ай уақыт берген. Ол күн сайын 40 шақырымнан астам қашықтықты жүгіріп отырған. Бұл рекорд Қазақстан Республикасының ұлттық мерекесі - Республика күні қарсаңында бұрынғы қазақстандық ультрамарафон рекордтарын жаңартты.

9 баланың әкесі армияда 20 жылдан астам уақыт қызмет етіп келеді. 2022 жылы ол Алматы облысындағы «Әли» оқу орталығы мен Шелек ауылы арасындағы 350 шақырымдық қашықтықты 48 сағатта жүгіріп өтіп, Қазақстан рекордтар кітабына енген болатын. 42 жастағы Рауан Әбілхановтың отбасында 8 қыз бен бір ұл тәрбиеленуде. Ол 15 жылдан астам уақыттан бері жеңіл атлетикамен айналысып келеді және Алматы қаласы мен Қарулы күштер ұйымдастырған марафондардың бірнеше дүркін жеңімпазы.

«ST» - ақпарат

ПЕДАГОГ МӘРТЕБЕСІ

ЗАҢ АЯСЫНДАҒЫ СЕРПІЛІС

Елімізде 2020 жылдан бастап қолданысқа енген «Педагог мәртебесі туралы» Заң білім саласы үшін үлкен серпіліс болды. Аталған заң аясында өңірімізде мұғалімдерді қолдауға бағытталған шаралар жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихатында облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Айжан Құрманова мәлімдеді.

**Анар АХМЕТҚАЛИЕВА,
«Semey tany»**

- «Педагог мәртебесі туралы» Заң - Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тікелей бастама-сымен қабылданған маңызды құжат. Президент өз Жолдауларында мұғалім мәртебесін көтеру сапалы білімнің, ел дамуының кепілі екенін үнемі айтып келеді. Аталған заңмен мұғалімдерге қатысты бұрын-соңды болмаған бірқатар жеңілдіктер бекітілді. Мұғалімдер енді өз міндетіне жатпайтын шаруаларға тартылмауы тиіс. Педагогтің ар-намысын қорлау, беделін түсіру секілді әрекеттер үшін жауапкершілік қарастырылған. Мұндай құқық бұзушылықтар үшін ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 409-бабына сәйкес айыппұл салынады. Егер бұл әрекеттер қайталанса, немесе қасақана жасалса, жаза күшейеді, - деп атап өтті А.Құрманова.

Мұғалімдердің кәсіби қызметіне заңсыз араласуға жол берілмейді. Облысымызда соңғы бір жыл ішінде мұғалімдердің құқығы бұзылған бірнеше жағдай бойынша тиісті шаралар қабылданған. Қоғамдық жұмысқа заңсыз тарту, жоспардан тыс тексеріс жүргізу секілді жағдайлар едәуір азайған. Бұл ұстаздардың өз міндетін сапалы өрі тиімді атқаруына мүмкіндік беріп отыр.

А.Құрманованың айтуынша, бүгінгі таңда Абай облысында 12 177 педагог білім беру саласында қызмет атқарады. Олардың 95 пайызы жаңартылған біліктілік санатына ие.

Мұғалімдердің біліктілігін көтеру ерекше назарда.

ҚҰҚЫҚ

МҰРАГЕРЛІКТІ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРДІ

Абай облысының көмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты Б-ның өздерінің үш көмелетке толмаған балаларының мүддесі үшін ө анасынан кейін қалған мұраны қабылдау мерзімін қалпына келтіру туралы талабын қарады.

Б. қайтыс болғаннан кейін мұра ретінде зейнетақы жинақтары қалған. Талап қоюшы мұраны қабылдау үшін алты айлық мерзімді дәлелді себептермен өткізіп алғанын, себебі нотариусқа мұра ашылғаннан кейін алты ай және бір күн өткен соң жүгіну керек деп қате түсінгенін көрсетті.



Нотариус мұрагерлік құқық туралы куәлік беруден бас тартқан-дықтан, талап қоюшы көмелетке толмаған балалардың мүддесін қорғау мақсатында сотқа жүгінген.

Жауапкер - Үржар ауданының

әкімі ө шешімді соттың құзырына қалдырды. Қорғанышлық және қамқоршылық органы да балалардың мүддесін қорғау үшін талапты қолдады.

Сот талап қоюшының мерзімді дәлелді себептермен өткізіп алғанын, сотқа уақтылы жүгінгенін және мұрагерлік құқықтарын жүзеге асыру үшін басқа мүмкіншіліктері болмағанын анықтады. Тараптардың қарсылығы болмағанын және көмелетке толмаған балалардың мүддесін ескере отырып, сот мұраны қабылдау мерзімін қалпына келтірді және мұра қабылданды деп таныды.

«ST» - ақпарат

БҮЛ ҚАЛАЙ?..

«СОЛАҚАЙ» АБАЙ ӘЛІ ТҰР...



Облыс орталығы Семейдің басты көшелерінің бірі - Мәңгілік ел даңқы. Осы көшенің бас жағындағы көп қабатты үйлердің бірінің қабырғасына салынған Абай Құнанбайұлының бейнесі тұрғындардың наразылығын тудырып келеді.

**Сәтжан ҚАСЫМЖАНҰЛЫ,
«Semey tany»**

Семей облыс орталығы болмай тұрған кезде салынған бұл суретте өрескел қателік көп. Біріншіден, ұлы ақын бұл суретте қаламды сол қолымен ұстап отыр. Біз білетін Абай солақай болмаған. Екіншіден, қазақтың Бас ақынының басындағы бүкіл күні қырғыз бен қытайда дайындалатын үсті шошақ, оюы ірі тақия ол заманда болмаған. Ұлтымыздың ұлы тұлғасы киген тақияның оюы жоқ, басқа жаспырылып тұрады. Осы жерде ұлы көткер орынды болар, биыл ақынның туғанына 180 жыл толуына орай облыс әкімі Берік Уәлидің бастамасымен арнайы тапсырыспен дайындалып, келген қоңақтарға сыйға тартылған тақия үлгісі Абай суреттеріндегі тақияға көбірек ұқсайды.

Биыл Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойы кең көлемде аталып өтіп, облыс халқының рухын көтерді. Абай облысының әкімі Берік Уәлидің бастамасымен ұлан-ғайыр өкі істер жүзеге асырылып, тарихи мерекенің мәні арта түсті. Алайда ұлы ақынның есімін иеленген облыс орталығында осындай сәтсіз бейненің өлі күнге дейін тұрғаны көңілге көлеңке түсіріп тұр. Бұл көрініс қала көркін ғана емес, ақынның шынайы бейнесін де бұзып тұрғаны жасырын емес. Ендеше, мазмұны шындықтан алшақ жатқан осы «туындының» орнына Абай рухына лайық көркем мурал салыну керек деп ойлаймыз.



ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫР КЕШКЕН ЖАНДАР



Орынбаев Байбота Төлеуғалиұлы (жерлестері Боташ атап кеткен) 1941 жылы ақпан айының 3 жұлдызында Жаңа-еңбек колхозының Исабай қыстағында дүниеге келген. Исабай деген жер қазіргі Құндызды ауылынан 6 шақырымдай алшақ жатқан таудың ішінде орналасқан. Байботаның әкесі Орынбаев Төлеуғали - Ұлы Отан соғысының ардагері, анасы Төлеуғаным Әріпқызы - тыл және еңбек ардагері. Құндызды ауылының негізін қалаушылардың бірі, бүкіл өмірлерін туған ауылының көркеюіне арнап, еңбек еткен адамдар. Байботаны, қазақ дәстүріне сай, үлкен шешесі Керімбала Көдебайқызы бауырына салып, көп ертегі-жырлар, дастан-қиссалар, қазақтың нақыл сөздері арқылы тәрбиелеп, адамға деген аяушылық, қайырымдылық, кішіпейілділік, ізеттілік сияқты ізгі қасиеттерді бойына дарытып өсіреді.

Байбота сегізінші сыныпқа дейін білімді Құндызды мен Қарауылдағы мектептерде алып, жоғары сыныптарды Семейдің 16-орта мектебінде оқып, оны 1958 жылы бітіреді де, Семейдің зоотехникалық-малдәрігерлік институтына түседі. 1963 жылы жоғары оқу орнын «ғалым-зоотехник» мамандығы бойынша аяқтайды. Байбота Төлеуғалиұлы - ұзақ жылғы ауыл шаруашылығы саласындағы қызмет барысында мал тұқымын, оның ішінде қой малының тұқымын Еділбай қойларымен асылдандыруда ерен еңбек сіңірген адам. Соның нәтижесінде Абай ауданының бірнеше совхоздарында қой малы толығымен асылдандырылған. Осы жұмыстардың жемісін аудан шаруашылықтары бүгінге дейін көруде.

Сол уақыттағы қажырлы еңбегінің арқасында ауылшаруашылық басқармасының бас зоотехнигі болып тағайындалып, осы қызметін атқару барысындағы құнды еңбектері үшін «Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген зоотехнигі» атағын иеленген өңірдегі бас адамның бірі болып «Алтын кітапқа» аты жазылған.

Байбота Төлеуғалиұлы еңбек жолын 1963 жылы Бірлік совхозының ферма зоотехнигі болып бастап, Жданов совхозының бас зоотехнигі, Абай аудандық ауылшаруашылық басқармасының бас зоотехнигі - басшының бірінші орынба-



сары, Абай аудандық кеңесі атқару комитетінің төрағасы, аудандық кеңестің төрағасы, Абай ауданы әкімінің бірінші орынбасары, Абай аудандық жер комитетінің төрағасы, облыс әкімінің Абай ауданындағы көмекшісі болып қызмет атқарған.

Осы кезеңдерде қоғамдық жұмыстардың бел ортасында жүріп аудан, облыс кеңестерінің депутаты, облыстық партия пленумдарының мүшесі болып, 1972 жылы бүкілодақтық «Білім» қоғамының VI съезіне Мәскеу қаласындағы Кремль сарайында делегат болып қатысқан.

Байбота Төлеуғалиұлы 1973 жылы «Құрмет белгісі» орденімен, 1975 жылы «Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген зоотехнигі» деген құрметті атақпен, 1975-80 жылдар аралығында бірнеше мәрте КСРО Халық шаруашылығы көрмесінің күміс және қола медальдарымен, 1981 жылы «Ауыл шаруашылығының Лауреаты» медалімен, 1988 жылы «Еңбек ардагері» медалімен, 2013 жылы «Шығыс Қазақстан облысына сіңірген еңбегі үшін» медалімен,

тың ауыспалы Қызыл туын жеңіп алып, 10 жыл қатарынан Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің жеңімпазы атанды.

Байбота Төлеуғалиұлы өзі басқарған аудандағы барлық саланың жұмысын үйлестіріп, әлеуметтік-экономикалық, мәдени-тұрмыстық, ауылшаруашылық бағытындағы сан қырлы мәселелердің түйінін шешіп, жүзеге асырып, сындарлы қат-қабат істердің басында жүріп, білімді де іскер басшы екенін толық танытып, Абай ауданының әлеуметтік жағдайы мен экономикасының өсуіне орасан зор үлес қосты.

Жер жайына жетік, қай шопан қай жерде отырғанына дейін айнадан қарағандай айтып беретін, аудандық ауылшаруашылық басқармасында бас зоотехник болған жылдары ауданның совхоздарын, фермаларын екі жумада бір рет толықтай аралап шығып, қарапайым еңбек адамдары, шопан-механизаторлардың жай-күйлеріне, тұрмыс-тіршіліктеріне ерекше мән беріп, көмегі мен қамқорлығын аяма-

ған. Ол қандай заманда қызмет жасаса да туған жерді түлетуге, бабаларымыз мирас етіп тапсырып кеткен елдіктің туын көтеріп, бар жастық жігерін, қажыр-қайратын аямай, шын ниетпен міндетін қалтқысыз орындаған өз халқының адал перзенті болды.

Байбота Төлеуғалиұлы өзінің еңбек және өмір жолында кездескен әрбір адамның тұлғалық бейнесін құрметтегі біліуімен, айналадағыларына деген мейірімі мен қамқорлығы, кішіпейілділігі мен тынымсыз еңбекқорлығы, отансүйгішті-

кен Абай елінде халықтың денсаулығын жақсартуға бір кісідей үлес қосып, «Еңбек ардагері» медалімен, көптеген құрмет грамоталарымен марапатталған.

Ғайни әдебиет пен өнерді, әсіресе ән салуды жақсы көретін. Кейбір халық әндерін сахна төрінде нақышына келтіре орындап, көрерменнің құрметіне бөленген кездері де болды. Ол әдебиетке өте құмар болғандықтан кітаптарды көп оқитын. Өңірдегі тыннан басылым көрген ақын-жазушылардың кітаптарын, замандастар жайлы жазылған естелік кітаптардың қай-қайсысы болсын сол үйдің кітап сөрелерінен орын табатын. Ұлы Абайдың көп өлеңдерін жаққа білетін. Өзінің де ақындығы бар еді.

Ғайни мінезге бай, келісті, келбетті, ізгілікті пір тұтқан жан еді. Ата-енесін жастары ұлғайғанда Құндыздыдан Қарауылға көшіріп алды және осы кезде отбасының нағыз ұйытқысы болды. Үлкен кісілердің асты-үстіне түсіп, өзінің туған әке-шешесіндей жақсы көріп құтты және ерекше сыйлады. Бүкіл отбасы балалардың туған күнін, Жаңа жыл мейрамын, Наурыз тойын, тағы басқа айтулы күндерді қарсы алып, нағыз мерекедей тойлап, мәре-сәре болып жататын. Ал Ғайни сызылтып, нақышына келтіріп ән айтса, оған үлкен әке-шешесі де қосылып ән салып, бір жадырап қалатын. Олар жалғыз ұлының жұбайына, қазақша айтқанда, келініне өмірден өткенше ризашылықтарын білдіріп отыратын. Үлкен әке-шешелері 90 жастан асып өмірден өтті. Ғайни келіні екеуін де өз қолынан қазақи салт-дәстүрмен жөнелтті.

1968 жылы семья құрған Боташ пен Ғайни 47 жыл бір шаңырақтың астында, бір-біріне бір ауыз артық сөз айтпай бақытты өмір сүрді. Туысқа адал, жанашыр, үлгілі отбасы иелері болды. Жездеміз Боташ аға туған ағамыздай еді. Дүниеге екі ұл, екі қыз әкеліп, әрқайсысының жоғары білім алуына, өз алдарына үлкен шаңырақ құруына еңбек сіңірді. Балалары Қарлығаш пен Қайрат, Қанат пен Зухра, Ләззат пен Берікжан, Сұлтан мен Әсем қазір үйлі-баранды, бір-бір отау құрып, өнегелі ұрпақ тәрбиелеуде, немерелерінің алды Ташкент, Астана, Алматы, Павлодар қалаларында қызмет атқарып жүр.

Биылғы жылы Байбота Төлеуғалиұлының дүниеден өткеніне 5 жыл, Ғайнижамал Ғабдулманапқызының дүниеден өткеніне 10 жыл, үлкен әкелері Төлеуғали Орынбайұлының дүниеден өткеніне 20 жыл, үлкен аналары Төлеуғаным Әріпқызының о дүниелік болғанына 17 толуына байланысты олардың рухына, нағашы аталары Ғабдулманап Қонайұлының және нағашы аналары Қатира Дайырбайқызының рухтарына арнап ұрпақтары Құран аудартып, қатым түсіріп, ас беріп отыр.

Қатым иелерінің жандары жаннаттың төрінде болып, рухтары пейіште нұрлансын! Артындағы ұрпағына Алла ырыс-береке, бақытты ғұмыр, елімізге амандық берсін!

Рәш НҰРДІЛДӘҚЫЗЫ

ҚАСИЕТТІ ӨЛКЕНІҢ ТАЛАНТТЫ ҰРПАҒЫ ЕДІ

Құндызды ауылының құнарлы топырағында ақын-дар мен дарындыр, жазушы, сазгер, ғалымдар туған, ел намысын жыртықан батыр-бағлан, барыс та дүниеге келген қасиетті де, киелі өлке.

Туған жеріне, ескен ортасына айрықша сүйіспеншілікпен, ілтипатпен қарап, оның дамуына, өркендеуіне бар күш-жігерін, білімін, көрек болса денсаулығын да аямай жұмсаған абзал азамат, қоғам қайраткері, талапты басшы Байбота Төлеуғалиұлы еді.

Өткен ғасырдың алпысыншы жылдарының басында ұсақ колхоздарды, фермалар біріктіріліп, үлкен өндіріс орындары (совхоздар), шаруашылықтар ашыла бастады. Сол кезде өндірісті ғылыми жолмен басқарып алып кететін мамандар жоқтың қасы болды, фермалардың басшылары, мамандары арнайы оқу орнын бітірмеген ұйымдастырушылар болды. Тіпті жаңадан құрылған совхоз директорларының көбі практиктен болды.

Сол кездері Байбота Төлеуғалиұлымен бірге жоғары оқу орнын бітіріп келген Көлембай Өлімбаев, Доскен Зекенов, Ораз Миханов сияқты азаматтар аудан шаруашылықтарына жаңа бір леп алып келді.

Өмір өзі көрсеткендей, Бөкеннің біліктілігі, білімі, парасаты, халықпен тіл табыса білетіндігі, аудандық ауыл шаруашылығы басқармасына бас зоотехник болып тағайындалғаннан бастап айрықша көріне бастады.

Тынымсыз еңбек, аудан көлемінде жүргізіліп жатқан шаруалар, күнделікті өзгерістер, болашақта істелетін жоспарлы жұмыстарды сараптама жасай отырып, мамандарға дұрыс бағыт беруде Бөкен өте шебер болатын.

Мен де ол кезде Жданов атындағы совхозда 1969-1982 жылдар аралығында жүн сұрыптаушы, ферма зоотехнигі, бас зоотехник болып 1976 жылға дейін Бөкеннің қол астында еңбек етіп, ол кісіден көп нәрсені үйреніп, тәлім-тәрбие алдым. Біздің шаруашылықтың негізінде, қой шаруашылығын дамыту мақсатында облыстың ауыл шаруашылығы, қой шаруашылығы бөлімі басшысы З.Ашихминаны шақырып, облыстық семинар өткізіп, аудан мамандары алдында мал тұқымын асылдандыру, қойды ірілендіру, одан алынатын өнімді көбейту ісі алға баспайтынын түсіндіріп, зоотехникалық-селекциялық жұмысты жүйелі түрде аудан көлемінде іске асыра бастадық, оның нәтижесі де болды.

Кейіннен Қызыл ту, Жданов, Бірлік сов-

хоздары асыл тұқымды қой шаруашылығына айналып, аудан экономикасына үлкен үлес қосты, халықтың әл-ауқатын арттыруға септігін тигізді.

Байбота Төлеуғалиұлы қызмет атқарған уақытта Абай ауданы 9 рет Бүкілодақтық Социалистік жарыстың, 8 рет Республикалық Социалистік жарыстың жеңімпазы, 10 жыл қатарынан «Ауыл шаруашылығы жетістіктері көрмесінің» жүлдегері болды.

Бұл жетістіктерге Бөкеннің қосқан үлесі зор, туған елі мен жерінің жанашыры, жастардың қамқоршысы, азаматтардың арқа тұтар тірегі болып, өз заманына адал еңбек етті. Бір сөзбен айтқанда, сол кездегі ауданның басшы органдары аудандық партия комитеті мен аудандық атқару комитетінің «ұшса - қанаты, қонса - құйрығы» болды. Байбота Төлеуғалиұлы көптеген мемлекеттік марапаттар алды, Абай ауданының Құрметті азаматы, біздің облыстағы «ҚазКСР-нің еңбек сіңірген зоотехнигі» атағының жалғыз иегері болды. Мен 1982 жылы қызыметті ауысып, Семейге көштім, бірақ байланысымыз үзілген емес, бір-бірімізге тілектес болдық.

Бөкен кейін Абай ауданының атқару комитетінің төрағасы, аудан әкімінің орынбасары, жер бөлімінің басшысы қызметтерін абыроймен атқарды. Қысқасын айтқанда, Абай ауданы шаруашылығының отымен кіріп, суымен шыққан азамат.

Бөкен мен Ғайни жеңгей екеуі үлгілі отбасы болды, ұлдары Қанат пен Сұлтан, қыздары Қарлығаш пен Ләззат бір-бір отау құрып, үйлі-баранды болып отырған өнегелі ұрпақтар. Ұрпақтарына ұзақ салауатты өмір берсін, жақсылық жандарынан кетпесін деп тілеймін!

Бөкен мен Ғайни жеңгей ғұмырларын өзгелерге үлгі-өнеге боларлықтай, ұстамдылықпен, мейірімділікпен өткізді. Ғұмыр бойы жинаған байлығы, қазынасы – ұрпақтары.

Ата-аналарының жатқан жері жұмақ, алды пейіш, арты ырыс болсын. Бөкеннің алғыр, жасампаз бейнесі жүрегімізде мәңгілік сақталады!

**Қажмұхамет БАЛҰАНОВ,
ҚР Агро саласының
Құрметті қызметкері,
ауылдас досы**

Туған ауданымыздың құрылғанына да ғасырға тақапты. Бұл – ұзақ тарихи кезең. Ауданның құрылу, қалыптасу, өркендеу, даму жолында қаншама тарих жатыр. Мұнда бірнеше буын ұрпақтың ерен еңбегі мен қажармандық ерлігінің өшпес ізі бар. Өткенді қадірлеу, қастерлеу, ол жөнінде бүгінгі ұрпаққа жеткізу парызымыз. Өткен кездерге зерделеп көз жіберсек, аудан тарихындағы естен кетпес есімдердің бірі Байбота Төлеуғалиұлы Орынбаев еді.

ІСКЕР БАСШЫ, ҚАЙРАТКЕР АЗАМАТ

Ботекеңмен отыз жылдан астам уақыт ауданда қатарлас қызмет атқардым. Асыл ағамен етене араласқан сәтерім де болды. Оның туған ауылында Жданов кеңшарында жұмыс істеген жылдарда ата-анасын көзім көрді. Аудан мектептерінде қызмет істегенде Ботекеңді сырттай көріп, аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бас зоотехнигі екенін білдім. Ел аузында есімі білімді, іскер, өз жұмыс саласын жетік білетін кадр ретінде құрметпен аталатын.

Кейін партия жұмысына ауысқаннан бастап аудандық жындылар, активтерде Байбота Төлеуғалиұлының баяндамаларын, сөйлеген сөздерін, ұсыныс-пікірлерін сан мәрте тыңдадым. Сонда аңғарғаным - Бөкеннің өз ісіне аса жауапкершілікпен қарайтындығы. Мал шаруашылығы саласындағы жұмыстардың барысына жасаған талдауларының тереңдігі, жүйелілігі, сын-ескертпелерінің орындылығы, келтірген дәлелдерінің дәйектілігі бірден байқалады. Ботекең осындай тиянақты, саликалы істерімен аудан, облыс, шаруашылық басшылары арасында беделді болды.

Мал шаруашылығы ауылдағы екпінді майдан аталған тұста бас мамандарға ерекше жауапкершілік жүктелетін. 1970 жылдан бастап Абай ауданының экономикасы мен әлеуметтік жағдайының өрлеу кезеңі басталды. Сол жылдарда аудан тоғыз мәрте одақтық, бірнеше мәрте республикалық жарыстардың жеңімпазы атанды. Абай елінің осынау табыстарында аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бас зоотехнигі, аудандық атқару комитетінің төрағасы қызметтерінде болған Байбота Төлеуғалиұлының ерен еңбегінің, тынымсыз ізденісінің ізі сайрап жатыр.

Байбота Төлеуғалиұлы білімді, ізденімпаз, жастайынан еңбек көрігінде шыңдалған, ауданның табиғатын, жер жағдайын жақсы білетін, адамдардың талап-тілектеріне сергек қарайтын, тапсырманы тиянақты орындағанша тыным таппайтын, күрделі мәселелерді жедел шешудің жолын таба білетін талантты тұлға еді.

Ол туған жерін шексіз сүйетін, оны көркейту жолында айшықты еңбек еткен, жеке бас мәдениеті, жүріс-тұрысы, адамдармен қарым-қатынасы баршаға үлгі азамат болатын. Біз халық үшін еңбек етуді, іске тиянақтылықты, қарапайымдылық, кішіпейілділік сияқты асыл қасиеттермен халық жүрегіне жол табуды, сабыр мен саликалылықты Ботекеңнен үйрендік десек, артық айтқандық емес.

Ауданның өрлеу жылдарында Бөкенмен бірге еңбек еткен ауыл шаруашылығы басқармасының бас мамандары Қ.Әділханов, Ж. Жұлдызбаев, М.Толғанбаевтарды өз басым өмір мектебінде өнеге алған ақылман ағаларым деп білемін. Осы шоғырдың ортасында жасы кіші болса да Байбота Төлеуғалиұлының шоқтығы биік болып, ауқымды істің, қажымас қайраттың адамы ретінде дараланып тұратын.

Сөзімізін басында Ботекеңмен етене араласқан сәт-

терім де болды дедім. Асыл аға біртіндеп мені өзіне жақын тарта бастады. Маған кейбір отырыста, жиындарда: «Біз сөйлейміз ғой, бірақ дәл осы жерде сенің айтқаның жөн», - деп ескертіп, көтермелеп отыратын. Тегі, ағам талабыммен ұнап қалған болуым керек. Балалары Қанат пен Сұлтанның, туысы Кенесбек ағаның балаларының үйлену тойларын басқардым. Өзінің 70 жылдық мерейтойының құрметті қонағы болдым.

Той басқару, оны ойдағыдай өткізу - үлкен сын. Әсіресе Абай елінің той дастарқанында асаба болу оңай шаруа емес. Маған той басқартуы ағаның үлкен сенімі деп білдім. Сол жылдарда жерлестеріміздің қаладан келген асабалардың деңгейіне көңілдері аса риза бола қоймайтын. Бауырларымың тойының өтуі барысына Боташ аға мен Ғайни апай риза болды. Көп жағдайларды ақылдасып шешіп отырдық. Бір ерекшелігі - тойдың бірі Қарауылда, бірі Семейде, енді біреулері жайлауда өтті. Шіркін, жастықтың сол бір кездері-ай деймін бүгін.

Боташ ағаның алаңсыз еңбек етуінде, балаларының тәрбиелі болып өсуінде Ғайни апайдың орны ерекше. Ғайни апай көркем мінезді, ақ жарқын, адамдарға ізгі жүрекпен қарайтын ерекше аяулы жан еді. Мамандығы дәрігер болатын. Естелігімде көлінен дем татқан абзал ана, ардақты әжеңнің барыныне тоқталып, жылы лебіз білдіруге міндеттімін. Осы естелікті жазып отырғанда аға мен апайдың жарқын жүздері, жағымды үндері жадыма жаңғырып тұр.

Байбота Төлеуғалиұлы өзінен кейінгі қызметтес інілеріне қамқор көңілмен қарап, ақыл-кеңес айтып отыратын. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін жиырма жылдай аудан әкімдігінде жұмыс істедім. Өкімдер жиі ауысады. Бүгін қарап отырсам, жеті әкіммен қызмет істепмін. Бәрімен тіл табысу оңай емес. Осындай сәттерде Ботекең жігер беріп, арқамыздан қағып: «Мұның бәрі уақытша ғой, кезінде Хафекеңнің талғамынан шығып, мектебінен өтіндір емес пе?» - деп демде қоятын. Қиналғанда қасыңнан табылатын қайран Боташ аға-ай!

Ауданның бірінші басшылары тізе қосып, алдағы міндеттерді шешуде ұйымшылдықпен қызмет істесе, Абай елі халқының алмайтын асуы жоқ екендігін уақыт көрсетті. Ботекең - ауданды ұзақ жылдар біліктілікпен табысты басқарған белгілі қоғам қайраткері Х.Матаевтың шөкірті әрі қызметтес серігі. Оның Хафиз ағаға деген құрметі ерекше болды.

Ботекең еңбегі жанған, ел құрметіне бөленген басшы, Қазақстанның еңбек сіңірген зоотехнигі, Абай ауданының Құрметті азаматы, көптеген орден, медальдардың иегері. Ең бастысы, халық жүрегінен орын алған бақытты адам.

Тарихи өңір Абай ауданының өркендеуіне ерен еңбегімен ерекше із қалдырған Байбота Төлеуғалиұлының жарқын бейнесі халық жадынан ұмытылмайды!

**Жақсыбек ЕКІБАЕВ,
Абай ауданының Құрметті азаматы**



ЦИФРЛАНДЫРУ

СТУДЕНТТІК ЖҰМЫСТАРДЫ АҚЫЛДЫ АЛГОРИТМДЕР ТЕКСЕРЕДІ

Shakarim University Қазақстанда алғашқылардың бірі болып жасанды интеллект көмегімен жазылған дипломдық жұмыстарды анықтайтын жүйені таныстырды.

AI Check - академиялық тексерудің интеллектуалды жүйесі. Ол жұмыстың адам қолымен жазылғанын немесе жасанды интеллект арқылы жасалғанын айқындай алады. Жүйе мәтіндерді төрт өлшем бойынша сараптайды: мәтін құрылымы, логика, грамматика және қадамы үлесі». Алгоритм автордың қатысу пайызын көрсетеді: егер жұмысты студент өзі жазса, бұл көрсеткіш 75-80 пайызға жетеді. Ал жасанды интеллектімен жазылған мәтіндерде бұл көрсеткіш әлдеқайда төмен болады.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТИГЕ ҚАРСЫ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ.
ДӘУІР ПАРАДОКСЫ
Бір қарағанда, цифрландыру дәуірінде - ел Президенті ауыл шаруашылығынан бастап энергетикаға дейін барлық салада жасанды интеллектті енгізу міндетін қойған заманда, «неге диплом жазуда да жасанды интеллектің қолданбасқа?» деген ой туады. Дәл осы тұста басты парадокс жатыр. Дипломдық жұмыс - студенттің дербес ойлау қабілетін, кәсіби дайын екендігін дәлелдейтін емтихан. Онда студент тек білімін ғана емес, талдау жасау, пікір білдіру, шешім ұсыну және сол шешімге жауапкершілік алу қабілетін көрсетеді. Бұл - сын сағаты: ол маман ретінде дайын ба, әлде

дайын үлгіге жүгінуші ғана ма? Жасанды интеллект жазып берген диплом студентті ең маңызды мүмкіндіктен - идея авторы екенін дәлелдеуден айырады. Алгоритм біртұтас мәтін құрастыра алады, бірақ нәтиже үшін жауап бере алмайды. Ал білімнің құндылығы - адамның өз қолымен жаңа білімді игеру үдерісінде. Әлемнің жетекші университеттерінде дипломдық және диссертациялық жұмыстарды жазуда жасанды интеллектіні қолдану ресми түрде академиялық адалдықты бұзу (academic misconduct) болып саналады. Мұндай тәртіп бұзушылық бүкіл білім беру жүйесіне деген сенімге ауыр соққы болып тиеді. Егер студенттер «машина жасаған дайын мәтінді» тапсыра берсе, диплом білім мен құзыреттіліктің көрсеткіші болудан қалады да, жай ғана формалдылыққа айналады. Жасанды интеллект - деректерді талдауға, дереккөздерді іздеуге, ақпаратты құрылымдауға арналған құрал. Бірақ түпкі нәтиже әрқашан студенттің жеке жауапкершілігінде. Академиялық мәдениет осылай қалыптасады. Shakarim University ең басты құндылық - адам интеллектіне және білімнің шынайылығына деген сенімді сақтау үшін Қазақстанда алғашқылардың бірі болып AI Check жүйесін енгізді.

НЕГЕ ПЛАГИАТ БОЛЫП САНАЛАДЫ?
Дипломдық жасанды интеллект көмегімен жазу - бөтен интеллектуалды өнімді мемденумен тең. Яғни студент



өз еңбегімен емес, алгоритмнің нәтижесімен баға, біліктілік және диплом алады. Мұны білімнің мәнін алмастыру деуге болады, яғни, жеке тұлғаның кемелдігін тексерудің орнына біз тек бағдарламамен жұмыс істей білу дағдысын бағалаймыз. Плагиат - тек өзгенің мәтінін көшіру емес. Адам басқа біреудің жасаған дүниесін - кітапты, зерттеуді, музыканы немесе бүгінгі жағдайда нейрожелі

құрастырған мәтінді өзінікі етіп көрсетсе, бұл - ұрлық. Қанша ауыр болса да мұны мойындау керек. Дипломды жасанды интеллект арқылы жазу - плагиаттың жаңа түрі. Мұндай

«цифрлық алаяқтық» білім құндылығының өзіне қауіп төндіреді. Диплом білім мен құзыреттіліктің символы болудан қалады. Shakarim University Қазақстанда алғашқылардың бірі болып осындай «цифрлық жалғандықтарды» әшкерелейтін технологияны енгізіп отыр. Университеттің ұстанымы айқыны: біз жасанды интеллектке қарсы емеспіз, біз адамның

білімі толықшанын тексеретін сәтте оны машинаның алмастыруына қарсымыз.

ӨЛЕМ ЕЛДЕРІН АЛАНДАТҚАН МӘСЕЛЕ

АҚШ пен Еуропада университеттерде ChatGPT және оның баламаларын қолдану жөнінде өткірі пікірталастар жүріп жатыр. Гарвард пен Оксфорд арнайы ережелер енгізді: жасанды интеллекттің деректерді талдау мен идеяларды іздеуде қолдануға болады, бірақ дайын академиялық мәтіндер жазуға болмайды. Германияда студенттер кез келген жасанды интеллект көмегімен библиографиялық сілтемелерде көрсетуге міндетті. Францияда нейрожеліні қолданып, дереккөзді көрсетпегені үшін тіпті оқудан шығару сияқты қатаң шаралар қарастырылған.

Осы ретте Қазақстанда Shakarim University үлгі көрсетуде. Бұл - білім құндылығынан бас тарту емес, керісінше, оны күшейту. Бұған дейін де академиялық адалдық білім берудің өзегі болған және солай болып қалуы тиіс.

Цифрландыру дәуірінде біз жасанды интеллектті оқу, талдау және зерттеу құралы ретінде қолдануымыз керек. Жасанды интеллект - руиналық үдерістерді жеделдететін, деректерді өңдеуге, модельдеуге, болжам жасауға көмектесетін одақтас. Бірақ ол ешқашан адам ақылын алмастыра алмайды, өйткені идеялар, жаңалықтар мен шешімдер үшін жауапкер-

шілікті әрқашан адам көтереді. Қазақстан үшін бұл ерекше маңызды. Біз білім экономикасын құрып жатырмыз, жаңа салаларды дамытып, әлемдік деңгейдегі зерттеушілер мен мамандар бұйын қалыптастырудамыз. Егер білім беру кезеңінде жасанды интеллектінің адам ойының орнын басуына жол берсек, біз дипломдардың сапасын ғана емес, тұтас түлектер бұйынына деген сенімді жоғалту қаупін тудырамыз едік.

SHAKARIM ҮЛГІСІ
Қорытындылай келгенде: цифрландыру білім құндылығын күшейтеді, академиялық адалдық білім берудің алдын дінгегі болып қала береді, ал технологиялар осы құндылықты қолдап, дамытатын құрал болады.

Бұл - бір ғана университеттің емес, ұлттық, тіпті ғаламдық деңгейдегі мәселе. Өйткені әлем таңдау алдында тұр: технологиялар адамға қызмет етіп, оның интеллектісін ығытайды немесе оның өзін алмастырады. Shakarim University дұрыс жолды көрсетіп отыр. Адам мен жасанды интеллект бірге жұмыс істей алады, бірақ әрқашан адам көшбасшы болуы тиіс. Жасанды интеллект дәуірінде академиялық адалдықты сақтап қалған ел ғана болашаққа абыроймен қадам баса алады.

Күлия МАҚАНҚЫЗЫ, Shakarim University баспасөз хатшысы

ЖАСТАР САЯСАТЫ

Абай облысының Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы жастарды қолдау, жұмыспен қамту, олардың қоғамдағы белсенділігін арттыру бағытында жүйелі жұмыс жүргізіп келеді. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихатында Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарма басшысы Олжас Бейсенбаев мәлімдеді.

Анар АХМЕТҚАЛИЕВА, «Semei tanu»

NEET ЖАСТАРЫНЫҢ САНЫ АЗАЙДЫ

Жиын барысында Олжас Бейсенбаев аймақтағы жас азаматтарды еңбекпен қамту, олардың әлеуетін ашу және NEET санатындағы жастармен жүргізіліп жатқан жұмыстар жайлы баяндады. Жыл басындағы ресми мәліметке сәйкес, облысымызда 150 мыңнан астам жас азамат бар. Бұл - өңір халқының төрттен бір бөлігі. Жастардың 63 пайызы қалада, қалғаны ауылда тұрады. Олардың басым бөлігі - еңбекке қабілетті, белсенді азаматтар.

Бүгінде өңірде 3 жоғары оқу

салалары мамандарын даярлауға бағытталды.

Жастардың экологиялық акцияларға, интеллектуалдық ойындарға және волонтерлік қозғалысқа кеңінен қатысуы бүгінде жастар саясатының басым бағыттарының бірі болып отыр. Өңір жастары республикалық және облыстық деңгейдегі қоғамдық бастамаларға белсене қатысуда. «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында 3 мыңға жуық жас Шүлбі кентінде, Водный кентінде, Святой ключ бұлағының маңы мен Жидебай жерінде 200 гек-

«Жасыл ел» бағдарламасы аясында маусымдық жұмысқа тартылды. Быыл бұл жобаға 1000 жас қатысты. Олардың ішінде, студенттерден бөлек, мектеп оқушылары, NEET санатындағы жастар, көп балалы және аз қамтылған отбасылардың балалары бар. 14 жастан асқан оқушылар, Еңбек кодексінің талаптарына сәйкес, ата-анасының келісімімен және сабаққа кедергі келтірмейтін уақыттарда маусымдық жұмысқа тартылды, - деді Олжас Бейсенбаев.

Жас сарбаздар көгалдандыру мен абаттандыру жұмыстарына, «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясындағы сенбіліктерге белсене қатысты. Жобаға қатысушылар еңбек шартымен ресми түрде жұмысқа қабылданып, арнайы киім-кешекпен және құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Айлық жалақысы 85 000 теңге болса, оған қоса 35 394 теңге көлемінде қосымша төлем жасалған.

Басқарма басшысы NEET санатындағы жастармен жұмыс ерекше назарға алынғанын атап өтті. Айтуынша, өңірде NEET жастарының саны азайған. Мәселен, 2023 жылы бұл санатқа жататын жастар саны 4 570 адам болса, биылғы жылдың қыркүйегінде бұл көрсеткіш 2 917 адамға дейін азайған.

Биыл 149 бос жұмыс орындары жәрмеңкесі өткізіліп, нәтижесінде 966 жас тұрақты жұмысқа орналасты. Тағы 140 жас Skills.enbek.kz платформасы арқылы онлайн оқудан өтті. Семей қаласының өзінде ғана NEET жастарының саны 2 617-ден 2 071-ге дейін қысқарды. Жастар ресурстық орталықтары мен жергілікті әкімдіктер үйлерді аралап, әрбір жастың жағдайын анықтап, нақты қолдау көрсету жұмыстарын жалғастыруда, - деді басқарма басшысы.

«Жасыл ел» бағдарламасы жастардың еңбек тәжірибесін арттырып, оларды қоғамдық пайдалы іске жұмылдырса, NEET санатындағы жастарды анықтап, қолдау шаралары олардың еңбек нарығына қайта қосылуына мүмкіндік береді.

Басты мақсат - жастардың әлеуетін толық ашып, олардың өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосуына жағдай жасау - дейді Олжас Бейсенбаев.

«АБАИ АИМАҚ MEDIA» ЖШС ұжымы Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, жазушы, сатирик **Еркін ЖАППАСҒҰЛЫНЫҢ** дүниеден өтуіне байланысты қаламгердің отбасына, ағайын-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

РЕДАКЦИЯ ПОШТАСЫНАН

ДАУЫСЫ ДАРА ДАЛА ҚЫЗЫ



Тұрсынхан Нұғмырова - Ақсуат өңірінің рухани өміріне өлшеусіз еңбек сіңірген радио ардагері. Анамыздың айтуынша, өнерге деген құштарлығы бала жасынан оянған. Тарбағатай баурайындағы өзі туып-өскен қасиетті Ақсуат даласының рухани кәдесіне жарамын деген сеніммен мектеп қабырғасынан бастап осы салаға ден қойып, болашағын дикторлықпен байланыстырады. Алайда, қаншама рет бағын сынап көрсе

де, кәсіби білім алудың ауылы алыс болады. Бірақ, «Жығылған күреске тоймас» демекші, талапты жас «Лениншіл жас» газеті ұйымдастырған байқауға қатысып, бағын сынап көруге бекінеді. Бұл байқауда ол өзінің табиғи талантымен дараланып, үздік шығады.

1970 жылдың күзі Тұрсынхан Үлкәйқызы үшін ерекше болды: ол аудандық радиоада алғашқы еңбек жолын бастады. Уақыт өте келе шеберлігі шындалып, өзінің кәсіби біліктілігімен танылады. Жағымды дауысымен радиобюллетеньдерді мүдірмей оқып отыратын диктордың кәсіби шеберлігіне тәнті болған басшылық бірнеше рет облыс орталығына жұмысқа шақырады. Алайда ол туған өлкенің топырағынан алыстамады.

Тұрсынхан апай сан жылдық тәжірибесін бөлісе отырып, микрофон алдындағы шеберліктің тек жағымды дауысы ғана емес, ептілік пен сезімталдықты, тіпті педагогикалық білімді де талап ететінін айтады. Айтуынша, мәнерлі дауысыңмен тыңдарманға әсер ете білу - бұл тек біліктілікті ғана емес, жүрек жылуы мен биік рухты қажет етеді.

Бүгінде ауданымызда әуе толқыны арқылы хабар тарататын радио болмағанымен, Тұрсынхан апайымыздың өнегелі өмірі тұтас бір мектеп деуге болады. Ол - тек кәсіби маман ғана емес, туған жерге деген сүйіспеншілігімен көпке үлгі болған мақтаншымыз. Туған елге туын тіккен жерлесіміді қандай құрметке де лайық деп нық сеніммен айта аламыз.

Бейбітгүл ОРПАЛҚЫЗЫ, «AMANAT» партиясы Ақсуат аудандық филиалының статист маманы

МӘДЕНИЕТ

«ШЫМНАН ШУАҚ» АБАЙ ЕЛІНЕ КЕЛДІ

Абай еліне «Шымнан шуақ» гастрольдік сапарымен шымкенттік өнерпаздар келді. Семей жұртшылығы сахна сәніне айналған жаңа туындылардың куәсі болды. Қазан айының 1-2 күндері Ж.Шанин атындағы Шымкент қалалық академиялық драма театрының өнерпаздары Абай елінде өнер көрсетіп, «Желсіз түнде жарық ай», «Есте сақта, балақай», «Тастамашы ана» қойылымдарын көрермен назарына ұсынды.

Бұл іс-шара Абайдың 180 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған Ж.Шанин атындағы академиялық драма театры ұжымының «Шымнан шуақ» атты гастрольдік сапарының аясында өтті.

Залға жиналған көрермен жақсы әсер алғандарын айтып, ыстық ықыластарын білдірді. Театр ұжымы Семейден кейін Павлодар мен Екібастұз қалаларында өнер көрсетіп, гастрольдік сапарын Астана қаласында қорытындылайды.

Шара соңында Мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының басшысы Жанжигіт Омархан облыс әкімінің құттықтау хатын оқып, театр ұжымына ықылас гүлін табыстады.

«ST» - ақпарат



орны мен 33 колледж жұмыс істейді. Жоғары білім алып жатқан жастар саны 20 мыңнан асады. 6 колледждің жанынан ашылған халықаралық стандарттарға сәйкес жабдықтармен қамтамасыз етілген құзыреттер орталықтары студенттерге сапалы білім алуға және тәжірибеден өтуге мүмкіндік беріп отыр.

Өңірімізде мыңға жуық шетелдік, «Серпін» бағдарламасы бойынша 366, ал «қандастар» санатынан 71 студент білім алуға. Жатақхана тапшылығы жоқ. Быыл жоғары сұранысқа ие 32 мамандық бойынша облыс әкімдігі тарапынан 200 грант бөлінді. Бұл гранттар педагогика, экономика, техника, құрылыс, медицина, ауыл шаруашылығы және IT

тар аумақты құл-қоқыстан тазартып, 20 тоннадан астам қоқыс шығарылған.

Қазіргі таңда жастармен жұмыс ел дамуының стратегиялық бағыттарының бірі ретінде қарастырылып отыр. Осы орайда өңірде бірқатар маңызды жобалар іске асырылуда. Атап айтқанда, «ASK CAMP» республикалық форумы, «Тәуелсіздік ұрпақтары» гранттары, «240 сағат ауылда» жобасы жастардың белсенділігін арттырып, әлеуетін ашуға мүмкіндік берді. Сондай-ақ Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына орай ұйымдастырылған іс-шараларға 500-ге жуық ерікті қатысып, үлкен үлес қосты.

Жаз айларында өңір жастары

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

2025 жылғы 26 қыркүйектегі № 97 (2128) газетте жарияланған хабарландыруға қосымша енгізілді. 11.11.2025 жылы сағат 11:00-де өтетін «СВХ СУХОЙ ПОРТ СЕМЕИ» ЖШС қоғамдық тыңдаулары бойынша өткен жарияланымда сайттың мекенжайы көрсетілді esportal.kz., сайтқа жүгінуіңізді сұраймыз ndbecology.gov.kz



Директор - Риза АСАНҚЫЗЫ МОЛДАШЕВА

бас редактор Сәтжан ҚАСЫМЖАНҰЛЫ

Редактордың орынбасары - жауапты хатшы Роза ПУШАКОВА

www.semeytany.kz Email: info@semeytany.kz

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитеті берген қайта тіркеу куәлігі № KZ49VPY00121173, 05.06.2025 ж. Газет «АБАИ АИМАҚ MEDIA» ЖШС компьютерлік орталығында теріліп және беттеліп, «Басып шығару баспасы» «Рекламный дайджест агенттігі» ЖШС (Өскемен қаласы, Абай даңғылы, 20) баспа орталығында офсеттік әдіспен басылып шығады. Индекс 06601. Тапсырыс 259. Бағасы келісімді. Алтасына екі рет - сейсенбі, жұма күндері шығады. Жарияланған мақаладағы авторлардың пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама үшін жауапкершілік жарнама берушілердің құзырында. Меншікті тілшілеріміз: Бородулихада - 8 776 740 87 21, Бесқарағайда - 8 775 433 44 08.

Редакцияның мекенжайы: F18A5H3, Семей қаласы, Қайым Мұхамедханов көшесі, 12. Тел.: Директордың қабылдау бөлмесі - 52-36-57; бас редактор - 52-04-75; редактордың орынбасары - 52-09-84; жарнама және баспасөзге жазылу бөлімі - 56-08-03; факс - 52-04-75; бухгалтерия - 52-38-32


ШЫҒАРЫЛЫМНЫҢ ТАРАЛЫМЫ 20555



Көзекші редактор Гүлім Заманбекқызы



SEMEYtany



Тіл-адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі. Осы дүниедағы адамдар тілінен айырылып, сөйлеуден қалса, қандай қиындық күйге түсер еді.
Ахмет БАЙТҰРСЫНҰЛЫ

№ 97 (19724) 26 қыркүйек, 2025 жыл

1917 ЖЫЛДЫҢ 17 МАУСЫМЫНАН ЖАРЫҚ КӨРЕ БАСТАДЫ

АБАЙ ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

■ СЕЙСЕНБІ, ЖҰМА КҮНДЕРІ ШЫҒАДЫ

■ EMAIL: INFO@SEMEYTANY.KZ

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ОЙТҰРТКІ

ЖҰМЫССЫЗДАР ҚАТАРЫ АЗАЙДЫ МА?

Облыс әкімі Берік Уәлидің төрағалығымен кеңейтілген аппараттық кеңес өтті. Жиында 2025 жылдың қаңтар-тамыз айларында жұмыспен қамтудың кешенді жоспарының орындалу барысы, өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары, облыстық бюджеттің орындалуы және 9 айдың болжамы қаралды.



Кеңеске облыстық басқарма басшылары, өңірлік департамент жетекшілері, ал аудан және қала әкімдері бейнережімде қатысты.

Өңірлік жұмыспен қамту картасын іске асыру барысы туралы облыстық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасының басшысы Айман Нұрлыбек баяндады. Биылғы 15 қыркүйектегі жағдай бойынша, облыста 18 904 жұмыс орны құрылған. Оның 10 713-і – тұрақты, 8 191-і – уақытша жұмыс орындары. Инфрақұрылымдық жобалар аясында 1 277 жұмыс орны ашылды. Сондай-ақ, еңбек шарттарының 91,9 пайызы электронды түрде рәсімделген. Ауылдық аумақтарды дамыту, «Жайлы мектеп», облыстың даму жоспары және басқа да бағдар-

ламалар бойынша бірқатар жұмыс орындары құрылды. Мемлекет басшысының әрбір 10 мың тұрғынға 100 жаңа жұмыс орнын құру тапсырмасын іске асыру шеңберінде жаңадан құрылған кәсіпорындарда 6 мыңнан астам адам жұмысқа орналастырылды. Субсидияланатын жұмыс орындарына 7 198 адам орналастырылып, жоспар 108,5% орындалды. Субсидияланатын жұмыс орындарына жұмсалған қаражаттың нысаналы пайдалануын бақылау мақсатында облыста жұмыс топтары құрылды. Жалпы облыста жұмыспен қамту шаралары жалғасуда. Жиында Семей қаласы, Аягөз, Ақсуат, Көкпекті, Жарма аудандарында жұмыс орындарын құру жоспарының тиісті деңгейде орындалмай жатқаны атап өтілді. Аймақ басшысы қала-аудан әкімдеріне бұл бағыттағы жұмысты жандандырып, жоспарланған жобалардың уақтылы іске асырылуын, жұмыс орындарының ашылуын, жұмыспен қамтылған азаматтардың зейнетақы жарналарын төлеу мен еңбек келісім-шарттарының рәсімделуін қатаң бақылауды тапсырды.

«Қаралған мәселе облыс халқының әл-ауқатын және жалпы өңіріміздің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға бағытталғанын басты назарда ұстау қажет» деді облыс әкімі.

Кеңесте облыстың әлеуметтік экономикалық дамуының қорытындылары және бюджет қаражатын игеру мәселелері туралы Экономика және бюджеттік жоспарлау, Қаржы басқармаларының басшылары баяндады. 2025 жылдың 8 айында облыс экономикасының дамуын көрсететін қысқа мерзімді индикатор 102,8%-ды құрады. Экономикалық өсімге әсер ететін 9 көрсеткіштің 6-уы бойынша оң динамика бар.

Жыл басынан бері облысқа 275,7 млрд теңге инвестиция тартылған. Жиында тұрғын үйді пайдалануға беру, өңдеу өнеркәсібі, тау-кен өнеркәсібі, инвестиция тарту бағыттарындағы көрсеткіштерді жақсарту бойынша нақты тапсырмалар берілді. Аймақ басшысы аудан, қала әкімдеріне бюджеттік кіріс жоспарын орындауды қамтамасыз етуді, барлық бюджеттік бағдарламалар бойынша қаралған қаржыларды игеру бойынша тиімді шаралар қабылдауды міндеттеп, инвестиция тарту бағытындағы жұмысты күшейту қажеттігін айтты.

Абай облысы әкімінің баспасөз қызметі

АПТА ЖАҢАЛЫҒЫ

Семейден еліміздің ірі қалаларына қатынайтын әуе рейстерінің саны артып келеді. 23 қыркүйектен бастап «Қарағанды – Семей – Қарағанды» бағытында сы-
йымдылығы 50 орындық «Bombardier CRJ200» ұшағы жолаушыларды тасымалдай бастады.

«ҚАРАҒАНДЫ – СЕМЕЙ – ҚАРАҒАНДЫ» ӘУЕ РЕЙСІ АШЫЛДЫ



Субсидияланған рейсті «SCAT» әуе компаниясы жүзеге асырады. Жолаушылар аптасына 2 рет – сейсенбі және бейсенбі күндері қатынайтын болады. Билет бағасы – 15 000 теңге. Жаңа бағыттың ашылуы тұрғындарға қолайлы әрі қолжетімді бағада сапарлауға мүмкіндік береді.

«Бірнеше жыл бұрын «Қарағанды-Семей» бағытындағы әуе қатынасы жабылып қалған болатын. Қайтадан ашылғанына өте қуаныштымыз. Семейден Қарағандыға келу үшін Астана арқылы пойызбен жүретінбіз. Қазір халыққа өте ыңғайлы. Бір жарым сағат шамасында Семейге жетіп аламыз», - дейді Қарағанды қаласының тұрғыны.

Қазіргі уақытта Семей қаласынан «Семей – Алматы», «Семей – Астана», «Семей – Ұржар», «Семей – Қарағанды» бағыттары бойынша әуе рейстері орындалуда. Аталған рейстерді «FlyArystan», «Оңтүстік аспаны», «SCAT» әуе компаниялары жүзеге асырып келеді. Айта кетейік, республикалық бюджеттен субсидияланатын жаңа бағыт Қазақстан Республикасы Келік министрлігінің Азаматтық авиация комитетінің және Абай облысы әкімдігінің қолдауымен ашылып отыр.

"ST"-ақпарат

«КЕЛЕШЕК МЕКТЕПТЕРІ»

600 ОРЫНДЫҚ НЫСАН АЯҚТАЛМАҚ

Аягөз ауданының "Қуаныш" шағын ауданында салынып жатқан 600 орындық жаңа мектептің құрылысы аяқталуға жақын. «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында бой көтерген білім ордасы жуық арада оқушыларға есігін ашпақ.

Абай облыстық білім басқармасының мәліметіне сүйенсек, құрылыс жұмыстарының негізгі кезеңдері аяқталған. Атап айтқанда, мектеп ғимаратының шатыры жабылып, терезелері мен сыртқы есіктері орнатылған. Сонымен қатар сыртқы инженерлік желілер – жылу, су, көріз, электр және байланыс жүйелері тартылып, ішкі жұмыстары да толық аяқталды.

Қазір ғимараттың ішкі-сыртқы әрлеу жұмыстары мен ау-

мақты абаттандыру шаралары жүргізілуде. Бұдан бөлек, оқу процесіне қажетті заманауи технологиялық жабдықтар орнатылуда. Инженерлік жүйелердің орындалу көрсеткіші бүгінде 90–95 пайызға жеткен.

Үш қабатты жаңа мектепте заман талабына сай 30 пәндік кабинет, 6 зертхана, 256 орындық асхана, 150 орындық акт және спорт залдары, кітапхана және оқу залы қарастырылған. Оқу проце-

сі бір ауысымда мемлекеттік тілде ұйымдастырылады.

Аягөздегі бұл жаңа білім нысаны пайдалануға берілген соң, жергілікті оқушылардың жайлы әрі қауіпсіз ортада сапалы білім алуына жол ашылады деп күтіліп отыр.

Жалпы, осы жоба бойынша облыста бес жаңа мектеп пайдалануға берілмек.

Өз тілшіміз

МАЛ ӨСІРСЕҢ, ҚОЙ ӨСІР...

Семейдегі Шәкәрім университетінде «Кооперация тетіктерін енгізу, мемлекеттік қолдау шараларын тиімді пайдалану және инвестиция тарту негізінде отандық қой шаруашылығының экспорттық әлеуетін дамыту» тақырыбында халықаралық семинар-кеңес өтті.

Шараға облыс әкімі Берік Уәли, ҚР Ұлттық аграрлық ғылым академиясының президенті, ҰҒА академигі Тілектес Есполов және Павлодар, Шығыс Қазақстан облыстары әкімдіктері басқармаларының, шаруа қожалықтарының өкілдері, төрт түлік мал, қой шаруашылығына мамандандырылған ғылыми-зерттеу институттарының жетекші мамандары, отандық және шетелдік ғалымдар қатысты.

Семинар барысында қой шаруашылығы саласындағы ғылыми зерттеулердің нәтижелері, заманауи технологиялар, халықаралық ынтымақтастық және экспорттық нарыққа шығу мүмкіндіктері қаралды.

Шара аясында Абай облысының әкімдігі, ҚР Ұлттық аграрлық ғылым академиясы және «Қазақ аграрлық өнеркәсіптік кешені экономикасы және ауылдық аумақтарды дамыту ғылыми-зерттеу институты» ЖШС арасында ынтымақтастық жөнінде меморандумға қол қойылды. Құжат ауыл шаруашылығын тұрақты дамыту, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Аймақ басшысы семинар-кеңестің маңызын атап өтіп, қой шаруашылығын ел экономикасындағы орны ерекше екенін жеткізді.

«Ата кәсіп – төрт түліктің жайы, мал шаруашылығының жағдайы туралы ғылыми тұрғыдан толғанып, ғылыми тұжырым жасау қашанда өзекті. Сондықтан отандық қой шаруашылығын дамыту мәселелері жөніндегі халықаралық семинар-кеңестің біздің өңірде өтуі біз үшін



маңызды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев биылғы халыққа арнаған Жолдауында ауыл шаруашылығын жаңа деңгейге көтеру керектігін айғақтай отырып, «Қолданбалы ауыл шаруашылығы ғылымын жедел өркендетпейінше, агроөнеркәсіп кешенін ұзақ уақыт бойы қарқынды дамыту мүмкін емес», - деп ғылымға арқа сүйеудің маңызын ерекше атап өткен болатын. Бүгінгі алқалы басқосу қой шаруашылығын дамытуға байланысты тәжірибелі кәсіпкерлер мен білімді мамандардың өзекті пайымдарын ортаға салып, ғылыми тұрғыдан зерделеуге және пікір алмасуға таптырмас алаң болады деп есептейміз», - деді облыс әкімі.

Ұлттық аграрлық ғылым академиясының президенті Тілектес Есполов Абай облысының аграрлық әлеуеті зор екенін атап өтті.

«Бүгінгі отырысымызды тарихи өлке, киелі ұлы Абай елінің Семей қаласында өткізуді жөн көрдік. Абай облысы – қуатты агроөнеркәсіптік әлеуеті бар өңір. Мұнда егіншілік, мал шаруашылығы, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу жақсы дамыған. Біз қиындықтарды мүмкіндіктерге, ал өңірдің бай әлеуетін әл-ауқат пен гүлденудің көзіне айналдыру үшін бірге жұмыс істеуіміз керек», - деді академик Т.Есполов.

Семинарға қатысқан Оман сұлтан-

дығындағы «Atyab International Services» компаниясының жетекші техникалық қолдау маманы (ТМД және Орталық Азия өңірі) Сеид Кажә Арифуддин «Қазақстан қой шаруашылығына халал стандарттары мен азық-түлік қауіпсіздігі протоколдарын енгізу» тақырыбында, ал пәкістандық профессор Мұхаммед Камар Билал (Файзалабад ауыл шаруашылығы университеті) онлайн режимде қосылып, «Пәкістандағы қой шаруашылығы тәжірибесі» тақырыбында баяндама жасады.

Бүгінде Абай облысында қой шаруашылығын дамытуға ерекше көңіл бөлініп келеді, асыл тұқымды мал үлесі 25 пайызға жеткен. Қазіргі уақытта Жаңа Семей ауданының Шақаман ауылында ет және ет өнімдерін терең өңдейтін өндірістік кешеннің құрылысы жүргізілуде. Кәсіпорын іске қосылғанда аудандарда қосымша кооперативтер құрылып, қой шаруашылығының өнімділігі мен экспорттық әлеуеті арта түседі.

Статистикалық деректерге сүйенсек, облыстағы қой саны республикадағы барлық ұсақ мал басының 6 пайызын құрап отыр. Елімізде 22 миллионнан астам қой болса, соның 1 миллион 500 мыңға таяуы Абай облысында. Сондықтан бұл бағытты дамытуға үлкен мүмкіндік бар.

Абай облысы әкімінің баспасөз қызметі

БІЛІМ

Мақаншы ауданына қарасты Көктерек ауылдық округіндегі Көктерек орта мектеп-балабақшасына оқушыларды тасымалдау үшін «Газель NEXT» маркалы автобус сатып алынды.

ЖАҢА АВТОБУС БЕРІЛДІ

Қазіргі таңда бұл білім ошағында 160 оқушы оқиды. Жаңа автобус Көктерек – Кіші Көктерек бағыты бойынша күн сайын екі рет қатынап, 30-ға жуық оқушыны мектепке және үйлеріне қауіпсіз жеткізуді қамтамасыз етеді. Бұл – ауыл балаларының білімге қолжетімділігін арттырып, ата-аналар үшін үлкен қолдау болмақ.

Жалпы, Мақаншы ауданында 18 мектеп бар. Онда 4581 оқушы білім алады, 738 мұғалім еңбек етеді.

"ST"-ақпарат



С.ЫСҚАҚОВ:

«ДІНАРАЛЫҚ КЕЛІСІМ – ТҰРАҚТЫЛЫҚ НЕГІЗІ»

Жақында Елорда төрінде Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VIII съезі өткен болатын. Астанадағы маңызы айрықша бұл жиынға Абай облысы Дін істері басқармасының басшысы Сейілбек Ысқақов та қатысып қайтқан еді. Соған орай әлемдік аясы кең съезден алған әсерін оқырмандармен бөлісуді сұраған едік.

– Сейілбек Абұйырулы, 2025 жылғы Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезіне қатысқан екенсіз. Бұл форумның нақты деректерімен бөлісіп өтсеңіз: қанша елден, қанша делегация келді, қандай негізгі тақырыптар қамтылды?

– Иә, 17-18 қыркүйек күндері Астана қаласында Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VIII съезі өтті. Съезге 60 мемлекеттен 100-ден астам делегация қатысты. Олардың қатарында Ислам, Христиандық, Буддизм, Иудаизм, Хиндуизм, Даосизм, Зороастризм және Шинтоизм секілді әлемдік және дәстүрлі діндердің өкілдері болды. Сонымен қатар халықаралық ұйымдардың өкілдері, беделді сарапшылар, саяси және қоғамдық қайраткерлер де форумға белсене атсалысты. Съез аясында бірнеше шаралар өткізілді, атап айтқанда 16 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы, Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері Съезі Хатшылығының басшысы Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен өткен Хатшылықтың XXIII отырысында хаттама қабылданды. Бейбітшілік пен өзара түсіністік жолындағы ортақ мақсаттың символына айналған қорытынды құжат «Астана бейбітшілік декларациясы 2025» деп аталды. Осы күні БҰҰ Өркениеттер альянсы аясында діни нысандарды қорғау жөніндегі арнайы сессия ұйымдастырылды. Мәулен Әшімбаев Қазақстандағы дінаралық келісім дәстүрін атап өтіп, қасиетті орындарды қорғау – халықтар тарихы мен мәдени мұрасының ажырамас бөлігі екенін жеткізді. Сессияға жетекші діни және саяси көшбасшылар, дипломаттар, қоғамдық және халықаралық ұйымдардың өкілдері жиналып, гибадат орындары, қасиетті және діни ғимараттарға қауіп төндіретін жаһандық сын-қатерлерді талқылады. 17 қыркүйекте ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің VIII съезінің пленарлық отырысы өтті. 18 қыркүйекте «Бейбіт өмір – жастар таңдауы: болашақ жолындағы синергия» ұранымен Жас діни лидерлердің II форумы өтті. Форумға жас діни лидерлермен

қатар әлемдік жастар қозғалыстарының өкілдері, ғалымдар, сарапшылар қатысты. Олар климаттық өзгерістер, қақтығыстар, төзбеушілік сияқты жаһандық сын-қатерлерді еңсерудегі жастардың рөлін талқылады.

– Съездің негізгі тақырыбы мен бағдарлары қандай болды?

– Съездің басты тақырыбы «Діндер диалогы: болашақ жолындағы синергия». Бұл тақырып қазіргі әлемдегі өзара түсіністік пен сенімнің қаншалықты маңызды екенін тағы бір мәрте айқындап берді. Жұмыс барысында секциялық отырыстар форматында күн тәртібінен бірқатар өзекті мәселелерді қаралды. Атап айтқанда, дінаралық және мәдениетаралық үнқатысуды нығайту, экстремизм мен радикализм идеологияларына қарсы күрес, әлемдегі діни толеранттылықты арттыру, жастар арасында рухани-адамгершілік тәрбиені дамыту, әлеуметтік әділеттілік пен климаттың өзгеруіне қатысты діндердің көзқарасы сияқты мәселелер кеңінен талқыланды. Сонымен қатар, діннің заманауи қоғамдағы рөлі, медианың діни үнқатысудағы орны мен жауапкершілігі, сондай-ақ технологиялық дамуға байланысты туындап отырған моральдық-этикалық сұрақтар да күн тәртібіне енгізілді. VIII Съезд шеңберінде Әділетті, Таза, Қауіпсіз, Қуатты, Цифрлық Қазақстан туралы бағыттар толықтырып, елдің тұрақты дамуы мен қоғамдық келісімін нығайту үшін маңызды екені атап өтілді. Секция жұмыстарына әлемнің түкпір-түкпірінен келген түрлі діндердің өкілдері, сарапшылар, халықаралық ұйымдардың мүшелері өз тәжірибелерімен бөлісіп, жаһандық деңгейдегі сенім мен ынтымақтастықты нығайту жолдарын қарастырды. Делегаттар дінаралық татулықты сақтау үшін білім беру, ақпараттық саясат және мәдени жобалар арқылы біріге жұмыс істеудің маңыздылығын атап өтті. Съезд қорытындысы бойынша, барлық қатысушылар бейбітшілік пен келісімді ілгерілетуге бағытталған бірлескен күш-жігердің маңызын мойындай отырып, ортақ декларация қабылдады. Бұл құжатта діндер арасындағы үнқатысуды дамытудың басты қағи-

далары мен бағыттары айқындалды. Сонымен қатар, съезд әлем халықтарын өзара құрмет, төзімділік және адамзаттың ортақ игілігі жолында ынтымақтастыққа шақырды. Осылайша, съезд қазіргі заманның күрделі мәселелерін шешуде діндер арасындағы үнқатысудың тиімді құрал екенін тағы бір рет дәлелдеп, болашақ ұрпақ үшін тұрақты әрі бейбіт әлем құруға бағытталған маңызды қадам болды.

– Әлемдік шараның аясында қандай маңызды шешімдер немесе құжаттар қабылданды?

– Съезд шеңберінде қабылданған ең маңызды шешімдердің бірі Декларациясының қабылдануы болды. Бұл құжат съездің басты қорытындысы әрі әлемдік және дәстүрлі дін көшбасшыларының ортақ ұстанымдарын бейнелейтін манифест іспетті. Декларацияда қазіргі әлемдегі негізгі сын-қатерлерге ортақ жауап берудің жолдары мен діндердің бейбітшілік орнатудағы рөлі айқындалған. Діни және мәдениетаралық диалогтың маңыздылығы, әлеуметтік тұрақтылық пен жаһандық ынтымақтастық, жаңа технологиялар мен жасанды интеллектті жауапты пайдалану, адам құқықтары, толеранттылықты дамыту, дін істерінде бейбітшілік пен келісімді қолдау съезд декларациясының маңызды бағыттары мен қағидаттарының бірі болды. Декларацияда келесі, IX съездін өткізу мерзімі ұсынылып, 2028 жылға белгіленді.

– Осы фактілердің өзіңіз басқаратын облыстық басқарма жұмысына әсері қалай болмақ?

– VIII Съезде қабылданған «Астана бейбітшілік декларациясы - 2025» құжаты мен ондағы айтылған бастамалар облыстық дін істері басқармасының алдағы жұмыс бағытына тікелей әсер етеді. Атап айтқанда, съезд барысында діни төзімділік, бейбітшілік пен өзара түсіністік қағидаттарын нығайту қажеттілігі баса айтылды. Бұл облыс көлемінде дінаралық және конфессияаралық келісімді сақтау, діни бірлестіктермен өзара ынтымақтастықты тереңдету бағытындағы жұмысты одан әрі күшейтуді талап ете-



– Съезден алған әсеріңізбен бөліссеңіз...

ді. Сонымен қатар, съезде жастар арасында рухани-адамгершілік құндылықтарды насихаттаудың маңыздылығы ерекше атап өтілді. Осыған орай, басқарма тарапынан білім беру мекемелерімен, жастар ұйымдарымен және ақпараттық-түсіндіру топтарымен бірлескен жұмыстарды жандандыру қажет болады. Жас ұрпақты діни радикализм мен жалған идеологиялардан қорғау бағытындағы іс-шаралар нақты және жүйелі түрде жүзеге асырылуы тиіс. Съезде көтерілген тағы бір маңызды мәселе, цифрлық кеңістіктегі діни мазмұнды ақпараттың сапасы мен мазмұны болды. Осыған байланысты басқарманың әлеуметтік желілер мен интернет кеңістігінде діни экстремизмнің алдын алуға бағытталған ақпараттық саясатты күшейтуі өзекті болып отыр. Бұл бағытта жергілікті теологтар мен дінтанушылардың қатысуымен сапалы контент әзірлеу қажеттігі туындайды. Сонымен бірге, съезд нәтижелері халықаралық және ұлттық деңгейдегі үздік тәжірибелерді зерделеуге және жергілікті деңгейде енгізуге жол ашады. Басқарма өңірдегі діни ахуалды тұрақты бақылауда ұстай отырып, қоғамдағы діни сауаттылықты арттыруға бағытталған кешенді бағдарламаларды жүзеге асыруды жалғастырады. Осылайша, VIII Съезд барысында көтерілген бастамалар мен қабылданған құжаттар облыстық дін істері басқармасының қызметін мазмұндық және стратегиялық жағынан жетілдіруге, бейбітшілік пен рухани келісімді нығайтуға бағыт береді.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан
С. ҚАСЫМЖАНҰЛЫ

Өңірлік коммуникациялар қызметінде

ТҰРҒЫН ҮЙ ҚОРЫ ЖАҢАРЫП КЕЛЕДІ



Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында Курчатова қаласының әкімі Болат Әбдірәлиев БАҚ өкілдерімен баспасөз мәслихатын өткізді. Кезекті жиын барысында Курчатова қаласының 2025 жылғы 8 айдағы әлеуметтік-экономикалық даму туралы баяндап, журналистер қойған сауалдарға жауап берді. Соның негізгісі әр өңірде өзекті мәселеге айналған баспанамен қамту жайы болды.

Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ,
«Semey tanu»

Қала тұрғындарын сапалы баспанамен қамтамасыз ету – жергілікті биліктің басты назарындағы міндеттердің бірі. Соңғы жылдары атқарылып жатқан жүйелі жұмыстардың нәтижесінде Курчатова қаласының архитектуралық келбеті жаңарып қана қоймай, пәтер кезегінде тұрған азаматтардың мәселесі де кезек-кезеңімен шешімін табуда. Шаһар басшысының сөзіне сүйенсек, 2026–2027 жылдары тұрғын үй кезегін мүлдем жою жоспарланып отыр. Осы бағытта бос тұрған ғимараттарды қалпына келтіру жұмыстары қарқын алған. Бұрын қараусыз қалған үйлер қайта жөнделіп, халықтың игілігіне берілу үшін күрделі жөндеу жұмыстары да жүргізілген. Осы орайда қаладағы Школьная кө-

шесіндегі 36 пәтерлі тұрғын үйдің қайта қалпына келтіру жұмыстары толық аяқталған. Бұл – ондаған отбасы үшін жаңа баспанаға қол жеткізу мүмкіндігі екені де айтылды.

– Алдағы уақытта да жұмыстар жалғаса береді. Күз айында Абай көшесі, 35 мекенжайындағы 70 пәтерлі үйдің жөндеу жұмыстары аяқталып, қоныс тоыын тойлайтын тұрғындардың қатары көбеймек. Сонымен қатар, Тәуелсіздік көшесі, 27 мекенжайындағы үйде де қалпына келтіру жұмыстары басталып кетті. Жақын арада Абай көшесіндегі 33 және 37 нөмірлі үйлерде де жөндеу ісі қолға алынбақ, – дейді Курчатова қаласының әкімі Болат Әбдірәлиев.

Бұдан бөлек, бос тұрған екі жатақхана бойынша да инвесторлар табылып, келіссөздер жүргізілу үстінде. Бұл да өз кезегінде

тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтардың баспанаға қол жеткізу мүмкіндігін кеңейтеді. Осылайша, қала билігінің үйлесімді жұмысының арқасында тұрғын үй қоры біртіндеп артып, архитектуралық келбеті жаңаруда. Ал ең бастысы – баспанасыз жүрген тұрғындар жаңа пәтерге қоныстанып, әлеуметтік мәселенің түйіні тарқатылуда. Курчатова қаласының тағы бір өзекті мәселелерінің бірі – жол сапасы және ауыз су. Қала тұрғындарының өмір сапасын жақсарту мақсатында жолдарды қайта жаңғырту, аулаішілік аумақтарды абаттандыру, сондай-ақ жылу мен су мәселесін шешу бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізілуде. Бұл игі бастамалар қаланың көркіне керік қосып қана қоймай, тұрғындардың күнделікті тұрмысына да оң әсерін тигізуде.

Алдымен қала ішіндегі жолдар-

ды қайта жаңғырту жұмыстарына тоқталған Болат Таңсықбайұлы бүгінгі күні жалпы құны 1,3 миллиард теңге болатын келісімшарт «ПАВЛОДАР ЖОЛДАРЫ» ЖШС-мен жасалғандығын алға тартты. Жұмыс ауқымы кең – жыл соңына дейін қала көшелеріне тегістеуші қабат ретінде ірі түйіршікті асфальт төселсе, келесі көктемде ұсақ түйіршікті асфальт жабындысы төселіп, құрылыс толық аяқталады. Жоба нәтижесінде 2026 жылға қарай қала көшелерінің 100%-ы жаңартылмақ.

Сондай-ақ көптен күткен Курчатова–Павлодар автомобиль жолының учаскесінің құрылысы да қарқынды жүргізілуде. Жоспар бойынша бұл нысан бір ай келесінде толық аяқталып, пайдалануға берілімек. Бұл бағыттағы жолдың аяқталуы қала тұрғындары мен жолаушылар үшін айтарлықтай қолайлылық туғызары сөзсіз. Қала инфрақұрылымын дамытуға өндірістік кәсіпорындар да өз үлесін қосуда. Атап айтқанда, «ҚазЦинк» ЖШС демеушілігімен биыл 150 миллион теңге қаржы бөлініп, 8 аулаішілік жолдың төсемдері ауыстырылмақ. Бұл жұмыстардың нәтижесінде барлық аулаішілік жолдар толықтай асфальт жабындысымен қамтамасыз етіледі.

Айта кету керек, тұрғындарды көп жылдан бері мазалап келген су және жылу мәселелері де күн тәртібінен түскен жоқ. Қазіргі таңда осы бағытта да жүйелі жұмыстар атқарылып, өз шешімін табуда.

Жалпы алғанда, қолға алынған жобалар қала инфрақұрылымын түбегейлі жаңартып қана қоймай, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған. Жаңа жолдар, ыңғайлы аулалар мен шешімін тапқан коммуналдық мәселелер – болашақта қаланың дамыған әрі жайлы шаһарға айналатынын айғақтайды. Сонымен қатар, баспасөз жиынында медицина мамандарының тапшы екендігі де тілге тиек болды. Қала басшысы бұл келеңсіздіктердің алдын алып, алдағы уақытта шешімін табуға тырысатынын айтты.

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

Бесқарағай ауылының Мәдениет үйінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру, заңгерлік көмек көрсету мақсатында қабылдау ұйымдастырылды.

МАМАНДАР КЕҢЕС БЕРДІ



Қоғамдық қабылдауға жергілікті атқарушы органдардың басшылары, құқық қорғау органдарының өкілдері, кәсіби заңгерлер мен қоғам белсенділері қатысты. Іс-шара барысында тұрғындар өздерін толғандырған мәселелер бойынша құқықтық кеңес алып, сауалдарына нақты әрі жан-жақты жауап алды. Кездесуде негізінен жер қатынастары, әлеуметтік төлемдер, еңбек құқығы, тұрғын үй мәселелері, отбасы және тұрмыстық дауларға қатысты сұрақтар көтерілді. Мамандар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, әрбір өтініш иесіне практикалық кеңестер берді.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай қабылдаулар халықтың құқықтық мәдениетін қалыптастыруға, азаматтардың өз құқықтары мен міндеттерін дұрыс түсініп, қорғауына мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл шара қоғамда заңсыздықтың алдын алуға және сыбайлас жемқорлыққа қарсы иммунитетті күшейтуге бағытталған.

Қоғамдық қабылдауға келген тұрғындар мамандардың қолжетімді әрі пайдалы кеңестеріне ризашылықтарын білдіріп, мұндай кездесулердің жиі ұйымдастырылуын қолдайтындықтарын жеткізді.

Ш. АСАНҚЫЗЫ



АБАЙ

ЖОБАЛАР ІСКЕ АСУДА

Абай ауданының әкімі Мейіржан Серікбосынұлы аудандық маңызы бар Архат ауылы жолының 10–15 шақырымдық бөлігін орташа жөндеу жұмыстарының барысын тексерді.

Жол құрылысына жауапты мердігер — “Дерикар” ЖШС, ал техникалық қадағалауды “Техное-С” ЖШС жүргізуде. Қазіргі таңда жол төсемесінің негізі толықтай дайындалды. Алдағы күндері асфальт жабындысын төсеу жұмыстары басталады.

Сонымен қатар, ауылдық округ аумағында “Архат-Орда” қоғамдық қорының қолдауымен өрт сөндіру бекетінің құрылысы жүргізілуде. Құрылыс жұмыстары жақын күндері толық аяқталып, нысан пайдалануға беріледі.

Өткен жылы басталған тұрғындарды сапалы ауыз сумен қамтамасыз етуге бағытталған су құбырлары



жаңғырту жобасы да аяқталуға жақын. Аудан басшысы аталған нысанның құрылыс барысын көріп, мердігер ұйым өкілімен кездесті. Мердігерге жұмысты сапалы орындап, жылдамдатып іске қосуды тапсырды.

Жалпы, ауданның инфрақұрылымы

на тоқталсақ, Абай ауданында жолдар жүйесінің ұзындығы – 402,6 шақырым. Республикалық маңыздағысы – 70, облыстық маңыздағы – 247,6, аудандық маңыздағысы – 85 шақырымдық құрайды.

Өз тілшіміз

АҚСУАТ

ЖАҢА АЛЛЕЯ КӨЗ ТАРТПАҚ

Ақсуат ауылындағы Қабанбай көшесінің бойында көзтартарлық көрінісімен жаңа аллея құрылысы жалғасып жатыр. Абай облысының әкімі жақында Ақсуат өңіріне барған сапарында осы көпшілік орынды көріп, өз ойын ортаға салған еді.



«Бұл аллея тұрғындардың тынығуына қолайлы, балалардың бос уақытын тиімді өткізуге мүмкіндік беретін заманауи демалыс орны болмақ. Жақсы саябақ. Тура орталықта, жолдың бойында орналасқан. Балаларға арналған ойын алаңдары бар. Аудан орталығының көркін келтіріп тұр. Мердігерге жұмысты сапалы әрі мерзімінде аяқтауды тапсырамын», - деді аймақ басшысы.

Жаңа аллеяның жалпы ауданы – 7 мың шаршы метр. Құрылыс жұмыстары биылғы 15 маусымда басталған.

Аллеяда балалар алаңы салынған, енді жаяу жүргіншілерге арналған жолдар, орындықтар, жарық шамдары мен гүлзарлар, субұрқақ орнатылады. Сонымен қатар, көгалдандыру жұмыстары жүргізіліп, түрлі ағаштар мен сәндік бұталар отырғызылады. Құрылысқа 5 техника, 17 адам жұмылдырылған.

Аймақ басшысы аллеяны аралап көрген соң ауыл тұрғындарымен бірге ағаш көшеттерін отырғызды. Аллеяға 100 түп шырша және қарағай көшеттері егілді.

Еркежан ҚАЙСА

БЕСҚАРАҒАЙ

БАЙТОРЫ МЕН ШОЙЫНҚАРА ДАРА ШЫҚТЫ

Бесқарағай ауданының «Мукинов» шаруа қожалығының Байторы және Шойынқара жылқылары республикалық IV ат көрмесінде жүлделі бірінші орынға ие болды.

Аудан мақтанышына айналған Бесқарағай типтес Байторы мен Шойынқара аталық іздері 2022 жылы «Бесқарағай» деп аталатын қазақы жылқының жаңа типін қалыптастырған болатын. Генетикалық негізіне байланысты аталмыш жылқыларға Шойынқара және Байторы атаулары берілген. Олардың басты ерекшелігі – кез келген ауа райына төзімділігі, ірі денелі әрі етті-сүтті болуы. Тебіндегі айырлары 700 келіге, биелері 600 келіге дейін жетеді. Сонымен қатар, бұл жылқылар мініске де, жегіске де шыдамды.

Селекция жұмысына Алматыдағы Қазақ ұлттық аграрлық университеті мен Семейдегі Шөкәрім университетінің ғалымдары үлес қосты. Айта кетерлігі, қазақы жылқыларды будандастыру арқылы жаңа тип шығару ісі 1968 жылдан бастау алған.

Ш.ДОСКЕЕВА



БОС ОРЫНДАР ЖӨРМЕҢКЕСІ

Мансап орталығының ұйымдастыруымен Бесқарағай колледжінде жұмыс іздеушілерге арналған «Бос орындар жәрмеңкесі» ұйымдастырылды.

Іс-шараға Мансап орталығының директоры А.К. Курманғалиева және орталық мамандары, Бесқарағай колледжінің директоры А. Нұрғожин, «Семей орманы» ГЛПР Долон филиалының орман шаруашылығы директорының орынбасары Б. Құлранов, аудан әкімі аппаратының кадр бөлімінің басшысы А. Миятова, «Жастар ресурстық орталығы» КММ директоры А. Сабыров, сондай-ақ Бесқарағай аудандық бөлімінің пробацация инспекторы Ж. Әйкен қатысты.

Күн тәртібінде жастарға арналған мемлекеттік бағдарламалар – «Жастар тәжірибесі», «Алғашқы жұмыс орны», «Ұрпақтар келісімшарты» туралы ақпараттық-түсіндірме жұмыстар жүргізілді. Жиында жұмыс берушілер тарапынан электронды еңбек биржасында жарияланған бос жұмыс

орындары таныстырылып, қатысушылардың қойған сауалдарына нақты жауаптар берілді. Сонымен қатар жұмыс іздеушілерге арналған ақпараттық үлестірме материалдары тартылды.

Жөрмеңкеге барлығы 37 адам қатысып, нәтижесінде 4 адам тұрақты жұмысқа, 1 адам уақытша жұмысқа орналастырылды.

«Бос орындар жөрмеңкесі» жұмыссыздық деңгейін төмендетуге және жастарды еңбекке тартуға ықпал ететін маңызды шара ретінде бағаланды. Алдағы уақытта мұндай кездесулер жүйелі түрде өткізіліп, жұмыс іздеушілер мен жұмыс берушілер арасында тиімді көпір болмақ.

Д.АУБАКИРОВА,

Мансап орталығының маманы



БОРОДУЛИХА

Ауданда жол инфрақұрылымын дамыту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Жалпы ұзындығы 718 шақырымдық құрайтын автомобиль жолдарының ішінде республикалық маңызы бар жолдар – 96 шақырым, облыстық маңызы бар жолдар – 272 шақырым, ал аудандық маңызы бар жолдар – 337 шақырым.

Бородулиха ауданының әкімі Айдар Ибраевтың айтуынша, республикалық маңызы бар «Семей – Ресей Федерациясының шекарасы» бағытының 19–46 шақырымдық бөлігінде ресайклинг әдісімен орташа жөндеу жүргізілген.

Бұл жұмыстар өңірлер арасындағы көлік қатынасын жақсартып, транзиттік әлеуетті арттыруға ықпал етеді. Облыстық маңызы бар жолдарда да бірқатар маңызды іс-шаралар жүзеге асырылды. «Воскресеновка – Петропавловка – Шелехово – Белағаш – Дмитриевка» бағыты бойынша шұңқырларды жамау жұмыстары атқарылды. Ал «Новопокровка – Петропавловка – Ресей Федерациясының шекарасы» жолының 20 шақырымдық бөлігіне күрделі жөндеу қажеттілігі туындап отыр. Сонымен бірге «Бородулиха – Жезкент» жолының 0–12 шақырымында орташа жөндеу жұмыстары жүріп жатыр. «Дмитриевка – Бородулиха – облыс шекарасы» бағытының бірнеше учаскесінде де жол жабындысын қалпына келтіру қолға алынған, - дейді аудан әкімі А. Маратұлы.

ЖЕЗКЕНТ МЕРГЕНДЕРІ - ЖЕҢІМПАЗ

Қазақ тарихында құралайды көзге атқан мергендер небір аңыздар бар. Кезінде жаудан қорғану мен аң аулауда қолданылған садақ ату бүгінде ұлттық құндылық пен денсаулықты ұштастырған спорт түріне айналып отыр. Бұл спортқа қызығушылық танытып, тұрақты айналысатын жастардың қатары да ортуда.

Бородулиха ауданы Жезкент қаласында садақ ату спорты ерекше қарқынмен дамып келеді. Бұл спорт адамның қырағылығын арттырып, дене сымбатын қалыптастырады, жүйкені шынықтырып, төзімділікке тәрбиелейді. Әсіресе балалар үшін зейінді арттырып, көру қабілетін жақсартуға септігін тигізеді, сондай-ақ ІТ құрылғыларына тәуелділікті азайтуға көмектеседі.

Жезкент мергендер клубы 2023 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Оның негізін қалаушы әрі жаттықтырушысы – Тілеген Асқарұлы Сұлтанов. Қазіргі таңда клубта жасы 8-ден бастап 41-ге дейінгі спортшылар дайындалуда. Жалпы 11 бала және бірнеше ересек мерген бар. Балаларға жаттығулар аптасына үш рет өтсе, ересектер өз мүмкіндігіне қарай дайындалады.

Садақ ату – ұлтымыздың асыл мұрасы әрі денсаулыққа пайдалы спорт түрі. Ұлттық өнерге деген жанаушылық мені осы спорт түріне жетеледі. Маған садақ ату тәсілін үйреткен – Дулат Құрметұлы. Ең алғаш «Пищевик» стадионында садақ атуды көрген сәтте-ақ қызығушылығым оянда. Сол күннен бастап бұл спортқа жақын тартып, өзім де үйренуге ден қойдым. Уақыт өте келе садақ атуға деген құлшынысым артып, Жезкенттен чемпиондар тәрбиелеуді басты мақсатым еттім, - дейді Т. Асқарұлы.

Жас мергендер қазірдің өзінде жақсы нәтижелерге қол жеткізе бастады. Өткен



жыл Диас Назарбеков пен Айсултан Нұртаев спорт шеберлігіне кандидат атанса, Биыл Аружан Рахимжанова Қазақстан чемпионы болды.

Бұл – Абай облысының абыройын асқақтатқан жетістік.

Сондай-ақ, биылғы 17–18 қыркүйекте өткен VIII «Ақ би-

дай» республикалық ауыл спорты ойындарында жезкенттік мергендер үлкен жеңіске жетті. Әйелдер арасында Кундыз Канапиянова 50 метрлік қашықтықта I орын иеленсе, ерлер арасында Азамат Егібәев II орынға, Тілеген Сұлтанов V орынға, Дархан Балпанов VI орынға

жолдардың ұзындығы 337 шақырымдық құрайды, олардың 74,2 пайызы жақсы және қанағаттанарлық жағдайда. Қазіргі таңда «Новопокровка – Белағаш» және «Бородулиха – Жерновка – Поллог» бағыттарында жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

«Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында Песчанка және Зенковка ауылдарының көшелері жаңартылып, аудандық бюджет есебінен Бородулиха, Новопокровка, Зубаир және Новая Шульба ауылдарында да тиісті жұмыстар атқарылып жатыр.

қол жеткізді.

Дегенмен, клубтың алдында әлі де шешімін күтетін мәселелер бар. Жаттығу орны небары 30 шаршы метрді ғана құрайды, құрал-жабдықтар да жеткіліксіз. Ата-аналар садақ пен оқты өз қаражаттарына сатып алады. Соған қарамастан, демеушілердің қолдауының арқасында көптеген жарыстарға қатысып, табысқа жетіп отыр.

«Мергендер клубы аудан көлемінде тек Жезкентте ғана жұмыс істейді. Балалардың үйренуге деген құлшынысы ерекше, олар әр жаттығуға қызығушылықпен қатысады. Ата-аналар да бұл бастаманы қуаттап, балаларының ұлттық спортқа бет бұруына қолдау көрсетуде. Егер садақ ату секілді спорт түрі кеңірек дамытылып, өзге ауылдарда да клубтар ашылса, аудан көлемінде шынайы бәсекелестік орта қалыптасып, талай талантты жас мергендер түлеп шығар еді», - дейді Тілеген Асқарұлы.

Жаттықтырушы өз сөзінде, аудандық мәслихат депутатты, «AMANAT» партиясының өкілі Меиз Тоқанқызына тұрақты қолдауы үшін, сондай-ақ, 30 шаршы метрлік спортзал беріп, талай жарыстарға қатысуға, жеңістерге жетуге мүмкіндік жасаған Андрей Негодяевқа ерекше алғыс білдірді.

Дәстүрлі садақ ату – қазақ халқының рухани құндылығы мен ұлттық кодының бір бөлігі. Осы құндылықты жаңғыртып жүрген Жезкент мергендерінің жеңістері тек ауданның ғана емес, бүкіл Абай облысының мәртебесін асқақтатқан үлкен табыс екені сөзсіз.

Шайза ДОСКЕЕВА

АЯГӨЗ

Шұбартау өңіріндегі О. Меңаяқұлы атындағы орта мектептің 9-сынып оқушысы Бейсен Бертан сыныптағы тазалықты жеңілдетуге арналған шағын құрылғы құрастырды. Тазартқыш қалақ парта үстіндегі, едендегі ұсақ қоқыстарды, қағаздарды және шаңды тез жинайды.

БЕРТАННЫҢ ТАЗАРТҚЫШ ҚҰРАЛЫ

«Әдетте сыныпта еден жуылады, бірақ қоқыс сыпырылмайды. Сол себепті парта арасында ұсақ қоқыс жиналып қалады. Мен осы мәселені шешкім келді», - дейді оқушы.

Құралдың сызбасын өзі қағазға түсіріп, батарея мен қосқыштың орнын анықтады. Корпусын пластик қораптан жасап шықты. Ішіне айналмалы щетка орнатып, қозғалтқышты батарея арқылы іске қосты. Құралды мектеп жағдайында сынақтан өткізіп, сынып ішінде қолданып көрді. Бұл тәжірибе оған тұрмыстық қалдықты қайта пайдалану жолын, электр тізбегін жинауды және шығармашылық ойды дамытуды үйретті. Жетекшісі – Құралай Ералы.

«Алдағы жоспарым – құралды жетілдіріп, қуатын арттыру. Сонда ол басқа сыныптарда да қолдануға ыңғайлы болады», - дейді Бертан.



МАЙЛИНДЕ «АУЫЛ ҚҰТҚАРУШЫЛАРЫ» БАР

«Ауыл құтқарушылары» бағдарламасы аясында ашылған жаңа нысан ауыл тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.



Өрт сөндіру бекетінде 1 өрт сөндіру көлігі, 1 жүргізуші және 3 қызметкер жұмыс істейді. Майлин ауылдық округі Аягөз қаласынан 25 шақырым қашықтықта орналасқан. 2025 жылғы ресми мәлімет бойынша округте 592 адам тұрады. Елді мекеннің негізгі кәсібі – мал шаруашылығы. Қазіргі таңда округ аумағында 48 шаруа қожалығы жұмыс істейді. Аталған бастама ауылдық округ тұрғындарының қауіпсіздігін күшейтіп қана қоймай, жергілікті шаруашылықтардың тұрақты дамуына да оң ықпал етпек.

«ST-ақпарат»

ЖАРМА

ТАЛАПТЫ КҮШЕЙТУ ҚАЖЕТ

Жарма ауданы әкімдігінің кезекті отырысында бірқатар маңызды мәселелер қаралды.

Отырыста қоғам мен тұрғындардың әл-ауқатына тікелей әсер ететін салалар бойынша баяндамалар мен ақпараттар тыңдалды.

Басты мәселелердің бірі – отбасының цифрлық картасындағы Д. Е сатындағы азаматтармен жүргізілген әлеуметтік жұмыстар болды. Бұл бағытта атқарылған жұмыстар туралы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Ринат Нұрахметұлы Касенов баяндама жасады.

Инженерлік инфрақұрылым мәселелері де назардан тыс қалған жоқ. Әуезов және Шуақ елді мекендеріндегі көп қабатты үйлердің жертелелеріндегі тозығы жеткен жылу жүйелеріне ағымдағы жөндеу жүргізу қажеттілігі жөнінде ақпарат ұсынылды.

Жастар саясатын жүзеге асыру бойынша 2025 жылдың 9 айында атқарылған жұмыстар туралы ішкі саясат бөлімінің басшысы Дина Жасұланқызы Ауспаева есеп берді.

Сонымен қатар, аудандағы тазарту қондырғылары мен қалдықтарды жинау, өңдеу, тасымалдау және көму бойынша санитариялық-эпидемиоло-



гиялық талаптарды сақтау мәселелері талқыланып, бақылауды күшейту қажеттігі айтылды.

Аудан әкімдігі тарапынан көтерілген барлық мәселе — тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсарту және қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Аудан әкімі Нұрлан Борсықбаев бақылау күшейтіліп, талаптар қатаңдалатынын ескертті.

БІРЛІКТЕ ДЕ ЖОЛДАР ЖАҢАРТЫЛУДА

Бірлік ауылдық округінде тұрғындардың өмір сүруіне қолайлы жағдай жасау бағытында жүйелі жұмыстар жалғасуда. Соның ішінде ең өзекті мәселелердің бірі – жол инфрақұрылымын жақсарту. Ауыл аумағындағы Ақбұзау – Бірлік бағытындағы аудандық маңызы бар жолда грейдерлеу жұмыстары жүргізіліп, жолдың тегістелуі қамтамасыз етілді.



Бұл шара көлік қозғалысын жеңілдетіп қана қоймай, ауыл тұрғындарының аудан орталығымен және көршілес елді мекендермен қатынасын жақсартуға зор мүмкіндік беріп отыр. Ауылшілік көшелер де назардан тыс қалмады. Жол жөндеу жұмыстары тек аудандық жолмен шектелген жоқ.

Бірлік ауылының ішкі көшелерінде де грейдерлік жұмыстар атқарылып, жолдар қалпына келтірілді. Жаңартылған жолдар ауылшілік қатынасты жеңілдетіп, тұрғындардың тұрмыс сапасын арттыруға ықпал етуде. Әкімдік үшін басым бағыттардың бірі болған жол инфрақұрылымын жетілдіру – жергілікті әкімдіктің басты назарындағы жұмыстардың бірі. Тиісті шаралар тұрғындардың өтініш-тілектеріне сай қолға алынып, жоспарлы түрде жүзеге асуда.

Жоспарлы жұмыстар әлі де жалғаса бермек. Жергілікті билік өкілдерінің айтуынша, алдағы уақытта да ауыл жолдарын жөндеу және күтіп-баптау бағытындағы шаралар тұрақты түрде жүргізілетін болады. Бұл ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуына оң серпін беріп, халықтың тұрмыс деңгейін жақсартуға септігін тигізбек.

Өз тілшіміз

ҮРЖАР

Үржар ауданында халықтың әлеуметтік жағдайына қатысты өзекті мәселелерді шешу мақсатында жүйелі жұмыстар жалғасуда. Осыған орай аудан әкімінің міндетін атқарушы Серік Тлемесов тұрғындармен жеке қабылдау өткізіп, олардың өтініш-тілектерін тыңдады.

ТҰРҒЫНДАР МӘСЕЛЕСІ НАЗАРДА

Кездесуде ауыл тұрғындары күнделікті өмірде аса маңызды саналатын мәселелерді ортаға салды. Атап айтқанда, тұрғын үймен қамту, ауыз су сапасы мен қолжетімділігі, жолдарды жөндеу, жұмыспен қам-



ту және әлеуметтік қолдау тақырыптары көтерілді. Өрбір сұраққа тиісті түсініктемелер беріліп, жауапты сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктелді.

Жедел шешімін табатын мәселелер сол жерде қарастырылды. Ал қалған кешенді жұмыстардың кезең-кезеңімен жүзеге асырылатыны атап өтілді. «Халықтың әрбір өтініші назардан тыс қалмайды. Біз үшін ең бастысы – тұрғындардың мұң-мұқтажына құлақ асып, оны шешу жолдарын табу», – деді С. Тлемесов.

Жеке қабылдаулар – билік пен халық арасындағы сенімді байланыстың айқын көрінісі. Мұндай кездесулер тұрғындардың көкейінде жүрген мәселелерін тікелей жеткізуге мүмкіндік берсе, жергілікті билік өкілдеріне нақты жағдайды жедел бақылауға алуға жол ашады.

Аудан әкімдігінің мәлімдеуінше, алдағы уақытта да осындай кездесулер тұрақты түрде өткізіліп, халықпен ашық әрі жүйелі байланыс жалғасын табатын болады.

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ӨНІМДЕРІ САУДАЛАНДЫ

Қолжетімді баға – халыққа үлкен қолдау. Жәрмеңкеде ауылшаруашылық өнімдері нарықтағы бағадан 10-20% төмен бағада ұсынылды. Мәселен, жылқы еті – 1 кг үшін 2800 теңге, ірі қараның сан еті – 2900 теңгеден сатылды. Бұдан бөлек, сүт өнімдері, нан-тоқаш тағамдары, көкөніс және тұрмысқа қажетті басқа да тауарлар да қолжетімді бағамен тұрғындарға ұсынылды. Аталған өнімдерге халық арасында да сұраныс жоғары.

Жәрмеңке басталысымен-ақ ауыл тұрғындары сапалы әрі жаңа өнімдерді қуана сатып алды. Қолайлы баға мен өнімнің табиғилығы – жәрмеңкенің басты артықшылығы болып отыр. Мұндай жәрмеңке – дәстүрлі шараға айналды деуге де болады.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай жәрмеңке әр аптаның сенбі күндері өткізіліп келеді. Бұл ауыл тұрғындары үшін тұрақты әрі тиімді сауда алаңына айналып, жергілікті шаруаларға да өз өнімдерін тікелей халыққа ұсынуға жол ашып отыр. Әлеуметтік маңызы зор іс-шарада тек өнім саудасын ұйымдастырумен шектелмей, ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосып отыр. Халықтың тұрмысын жеңілдету, отандық өнімді қолдау – мұндай бастамалардың басты мақсаты болып табылады.

«ST»-ақпарат

Үржар ауылында Бестерек ауылдық округінің кезекті ауылшаруашылық жәрмеңкесі жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Бұл шара дәстүрге айналып, тұрғындардың қажеттілігін өтеуде маңызды рөл атқарып келеді.



ЖАҢАСЕМЕЙ

Айнабұлақ ауылдық округіне қарасты Самай ауылында заманауи байланыс жүйесін дамыту бағытында маңызды қадам жасалуда. Елді мекенде Starlink интернет желісін орнату жұмыстары жүргізілді.

STARLINK ОРНАТЫЛДЫ

Starlink желісі толықтай іске қосылған соң ауыл тұрғындары жоғары жылдамдықтағы интернетке қол жеткізеді. Бұл өсіресе оқушылардың онлайн білім алуына, жастардың жаңа технологияларды меңгеруіне және кәсіпкерлердің жұмысын оңтайландыруға айтарлықтай мүмкіндік бермек.

Ауылдық жерде интернеттің әлсіздігі бұған дейін көптеген қиындық туғызғаны белгілі. Енді Starlink желісінің көмегімен Самай ауылы цифрлық даму бағытына қадам басып, заманауи инфрақұрылымға бір табан жақындайды.

Жергілікті тұрғындар интернеттің қолжетімді әрі сапалы болуы ауылдағы әлеуметтік, мәдени және экономикалық өмірге оң ықпал ететініне сенімді. Өсіресе жастар үшін қашықтан білім алу мен түрлі онлайн мүмкіндіктерді пайдалану жеңілдей түспек.



КӨКПЕКТІ

ЖАС САЙЛАУШЫЛАР КЛУБЫ ҚҰРЫЛМАҚ

Көкпекті ауданының аумақтық сайлау комиссиясы Көкпекті аудандық жастар ресурстық орталығымен бірлесіп ауданда жастардың сайлау белсенділігін арттыру, олардың құқықтық мәдениеті мен азаматтық жауапкершілігін дамыту мақсатында Жас сайлаушылар клубын құруға байланысты жиын өткізді.

Жиынға аудандық жастар ресурстық орталығының мамандары, мекеме, бөлімдердің, мектептердің жас мамандары мен ұстаздары, жоғары сынып оқушылар қатысып, жас сайлаушылар клубы құрылып, ережесі бекітілді.

Сондай-ақ, клуб қызметін ұйымдастыру бойынша ынтымақтастық Меморандумына екі жақты қол қойылып, іс-шаралар жоспары бекітілді. Жастар сөз алып, Көкпекті ауданының аумақтық сайлау комиссиясының және клуб жұмысына әрдайым қолдау білдіретіндіктерін жеткізді.

Фархат МАРАТҰЛЫ

МАҚАНШЫ

ҚҰРЫЛЫС ӨКІМ БАҚЫЛАУЫНДА

Аудан әкімі Дәурен Бақытжанұлы «Бақты–Аягөз» темір жолының құрылысына қатысты жұмыс барысын талқылады.



2025 жылғы 21 қыркүйекте Мақаншы ауданының әкімі Дәурен Бақытжанұлы Қойгелдин «Бақты–Аягөз» темір жолының құрылысы бойынша ұйымдастыру және іске асыру жұмыстарының барысын талқылады.

Кездесу барысында құрылысқа жауапты мекемелер мен мердігер ұйымдардың өкілдерімен бірлесіп, жұмыс кестесі, логистикалық мәселелер және жұмыс күшін тарту, инфрақұрылыммен қамтамасыз ету жайы қаралды.

Аудан әкімі темір жол жобасының стратегиялық маңызына тоқталып, оның аудан экономикасына оң әсер ететінін атап өтті. Сонымен қатар, жұмыс сапасының жоғары деңгейде болуын, еңбек қауіпсіздігі талаптарының сақталуын және белгіленген мерзімде аяқтауды қамтамасыз ету бойынша нақты тапсырмалар берілді.

ШЕТЕЛДІК АЗАМАТ ЕМДЕЛДІ

Мақаншы аудандық ауруханасында италиялық азамат ақ халатты абзал жандардың көмегімен сауығып шықты.

Шетелдік азамат көрсетілген кәсіби және адамгершілік көмекке шынайы ризашылығын білдіріп, кәсіби білікті дәрігерлерге жүрекжарды алғысын жеткізді.

«Құдай маған өмірімді сақтап қалған адамдарға жол көрсетті. Сол үшін бас дәрігер Өз-Жәнібек Көкенге және хирург-дәрігер Дархан Ақылбековке, сондай-ақ осы керемет аурухананың барлық қызметкерлері мен медбикелеріне алғыс айтамын. Қазақстан – маған өмір сыйлаған екінші Отаным болды десем, артық айтпаспын», – деді ол. Белгілі

болғанындай, бұл азамат Көктерек ауылының күйеубаласы екен.

Бастысы, қай елдің азаматы болсын, күтпеген жерден денсаулығы сыр берсе, көмек көрсету дәрігердің антына адалдығын білдірері сөзсіз. Осы орайда Мақаншы ауданы әкімдігі аудан тұрғындары мен қонақтарының денсаулығы – әрдайым басты назарда екенін берік ұстанады. Ел азаматтары мен шетелдік қонақтарға сапалы медициналық қызмет көрсету – ауданның әлеуметтік дамуының маңызды бағыты.

Еркежан ҚАЙСА



КЕЛБЕТ

Жалпы қазақ ұлты, әсіресе ұлт зиялылары небір қиыншылықтарды басынан кешіргенін ұмытуға әсте болмайды. Әкімшіл-әміршіл жүйемен аштық кезінде Торғай ашыққандарына көрсеткен жәрдемі үшін жалған айып тағылып, басына іс түскенде алаш ардақтысы Ж.Аймауытов «Басқа табар елім жоқ. Ел заңына бағынбауға болмайды. Егер халқымның заң-ғұрпы мені айыпты десе, амалым не?» - деп туған ұлтынан бас тартпағанын тарихтан білеміз.

АДАМДЫҚТЫҢ ЕҢ БИГІ - ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУ

Ату жазасына кесілген кезінде де: «Артымда қыруар елім бар, өлсем де денеммен өлмен», - деп қазақ ұлтына, оның кемел болашағына зор үміт артты. Иә, осындай солақай саясаттың неше мәрте құрбаны болса да, рухы мықты қазақ ұлты еңсесін түсірген жоқ. Егемендігін алып, қастерлі алтын заңын алдыға салып, жұрт қатарлы тірлік етуде. Бесқарағай ауданындағы Беген ауылында да жоғарыдағыдай бабаларының үмітін ақтап, зиялылықтың қатарын жалғастырып жүрген ұл-қыздарымыз қаншама.

Солардың бірі - кешегі Беген орта мектебінің түлегі, Абай облыстық ауданаралық экономикалық сотының судьясы Айтжамал Темірханқызы Молдағожина.

Марқұм Темірхан ата - соғыс ардагері. Мектепте талай рет мерекелік, тақырыптық кештерге шақырғанымда, еш бұлдық-сыз келіп, соғыс зардабын көзбен көріп тұрғанымыздай асқан дәйектілікпен айтып беруші еді...

«Өмірде әділ, шыншыл болыңдар. Адал қызмет етіңдер. Айтжамал қызым заңның оқуын қалады. Аманшылық болса, мықты заң қызметкері болады», - деп әкелік айбар мен шынайы сөзімділікпен айтқаны әлі есімде.

Қан майданды көзімен көргендіктен де болар, әр сөзін Бауыржан атамиз сияқты нық айтатын.

Атамыз айтса, айтқанындай, Айтжамал Темірханқызы аулымыздан шыққан алғашқы «сот қызымыз» деп айтсақ та орынды. А.Т. Молдағожина 1988 жылы С. Киров атындағы мемлекеттік университетін құқықтану мамандығы бойынша бітірген. Кәсіби еңбек қызметін 1988 жылдың қазан айынан бастап, Семей облысы Бесқарағай аудандық атқару комитетінің заңгері болып бастаған. Судьялық еңбек жолын 1997 жылдың маусым айынан бастап Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай аудандық судьясы, Катонқарағай аудандық сотының төрағасы, Семей қалалық сотының судьясы, Семей қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының төрағасы қызметтерін атқарған.



Судья лауазымындағы еңбек өтілі 28 жылдан астам. Сот жүйесінде ұзақ жылдар бойы жұмысы мен сот төрелігін жүзеге асыру кезіндегі мінсіз адал қызметі үшін А.Т. Молдағожина Қазақстан Республикасының Конституциясына 20 жыл) мерекелік медалімен, I және II дәрежелі «Сот жүйесінің үздігі» медалімен, «Қазақстан Республикасы Судьялар одағының «Үш би» Құрмет белгісімен, Құрмет грамотасымен, Алғыс хатымен, Шығыс Қазақстан, Абай облыстық сотының алғыс хаттарымен марапатталған. А.Т. Молдағожина судьялық қызметті атқарған кезеңде судья алтын адал болды.

Темірхан ата мен Сақан апамдыс екеуі де әке-шешеден ерте қалып, нағашыларының тәрбиесінде болады. Атамыз төрт сыныптық білімімен соғыстан кейін агроном, ауылшаруашылығында бригадир болып, анамыз екеуі жеті баланы өсіріп, ең бастысы, бәрінің де жоғары білім алуларына ықпал етеді.

Үлкені Майсара музыка мамандығымен Алматыда домбыра цехында, Гүлсағира мен Марияшы медицина саласында еңбек етеді, Мұратбегі КАЗГУ-дың математика факультетін бітірген, Астанада қызметте. Қуанышбегі - Қазақстан Республикасының ұлттық комитетінің Шекара қызметінің запастағы офицері. Айгүлі - сауда саласында жеке кәсіпкер. Немерелері Данияр Беген орта мектебін алтын медальға бітіріп, сот мамандығымен Бородулиха ауданының судьясы, Мақаншы, Тарбағатай, Қорғалжын аудандық соттарының төрағасы қызметінде болған. Қазір Астанада Қосшы қаласының судьясы, жолдасы Әсемгүл Жоғары Сот Кеңесінде қызметте. Немересі Руслан - Семей қаласының әкімшілік құқық бұзушылық сотында қызметте, немере келіні Әсия әділет басқармасында, Райгүлі - қорғаушы-адвокат. Назгүл Семейдің № 33 мектебін алтын медальға бітірген. Астанада заң қызметкері, Шөбересі Айгерім де мектепті алтын медальға бітірген. Астанада заң қызметкері. Диана, Бейбіт, Темірлан ІТ саласында. Көріп отырғанымыздай, білімдер отбасының заң саласында халыққа мінсіз қызмет етіп отырғандары айдан анық.

Ата-ана назарына ілініп, әулетке туыстық ынтымақтастықтың үлкен үлгісін көрсете отырып, кәсіби мамандығының хас шебері атанған Айтжамал қызымыздың биылғы мерейлі отыз жылдықтың қорытындысы бойынша «Жеті жарғы» төсбелгісін де иеленуі - сот қызымыздың әділдік айнасындағы тағы да келісті келбетін танығандаймыз.

«Бесқарағай ауданының құрметті азаматы» атына лайықты, ел үмітін ақтаған, елінің ерке қызы Айтжамал Темірханқызының халыққа қызмет ету жолында әлі де алар асулары биіктей берсін дегім келеді.

**Самал АБДРАХМАНҚЫЗЫ,
Бесқарағай аудандық
қоғамдық кеңесінің мүшесі**

САҚ БОЛЫҢЫЗ!

Құтыру – жүйке жүйесінің ауыр зақымдануымен сипатталатын вирустық ауру. Аурудың аяғы өлімге апарып соқтырады. Құтыру ауруымен жылы қанды жануарлардың барлық түрлері аурады, оның ішінде үй жануарлары да ауырады. Мұның салдары ауыл шаруашылығына да орасан зор зиян алып келеді.

Бұл аурумен адамның да ауыратындығы оның аса қауіпті ауру екенін көрсетеді. Сонымен қатар ауру ошақтарын жою үшін жүргізілетін ветеринариялық іс-шараларға да қыруар қаражат жұмсалатыны белгілі.

Аталған дерт негізінен күзде, қыстың аяғында және көктемде, яғни кезеңдік сипатта өршуі мүмкін. Құтырудың қоздығыштарының негізгі көздері – жабайы жыртқыш аңдар және қаңғыбас иттер мен мысықтар болып табылады. Негізінен мал ұстаумен, асыраумен айналысатын, елді-мекендерден шалғай орналасқан шаруашылық малдары мен күзет иттері ауруды қасқыр, қарсақ, түлкі сияқты жабайы аңдардан жұқтырады. Ал елді мекендердегі ауылшаруашылық малдарына ауруды негізінен қаңғыбас иттер мен мысықтар жұқтыратыны белгілі. Құтыру адамға да малға да ауру жануарлардың сілекейі арқылы жұғады, бұл әсіресе құтырықпен аурып жүрген жабайы аңдар мен ит-мысықтар тістеп алған кезде орын алады. Құтыру әдетте агрессивті немесе тыныш түрде өтуі мүмкін. Агрессивті түрінде ауырған жануарлар маңайындағы жануарларға, адамдарға жүгіреді, мысалы ірі қара малдарында мелгіссіз мөңіреу, қабырғаларды сүзу, жұтқыншақ бұлшық етінің, артқы аяқтарының жанысқандануы сияқты белгілермен қатар аузынан сілекей ағу, көздерінің қызаруы сияқты белгілер пайда болады. Құтыру ауруынан жануарларды қорғаудың ең негізгісі-ол жануарларды құтырық ауруына қарсы екпеден өткізу болып табылады. Бұл ауруға қарсы ауылшаруашылық малдары үшін сайын құрылатын ветеринариялық-профилактикалық іс-шаралар жоспарына сәйкес екпелерден өтеді, ал қасқыр, түлкі, қарсақ сияқты жабайы жануарлар далаға

АСА ҚАУІПТІ ДЕРТ

апарылып қойылған арнайы брикеттермен қоректену арқылы вакцинациядан өтеді. Осы іс-шараларды атқару кезінде ветеринария саласы мамандарына тұрғындардың қолдауы өте қажет болады. Малдәрігерінің жасаған ескертуінен кейін, мал басын толық екпеден өткіздірту, мал ауырғанда оны уақытында оқшаулап, бұл туралы малдәрігеріне жедел хабарлау әрбір тұрғынның басты міндеті болып табылады. Сонымен қатар шаруашылықтардағы азаматтардың, жеке үйлердегі тұрғындардың жануарларды, әсіресе ит-мысықтарды ұстау тәртібін бұлжытпай орындау да міндетті болып табылады. Егер мал ұстаумен айналысатын әрбір азамат жоғарыда аталған міндеттемелерін уақытында, дұрыс орындайтын болса бұл өз кезегінде аурудың алын алуға, оны болдырмауға үлкен септігін тигізетіні анық. Аталған іс-шаралардың бәрі халықтың және олардағы ауылшаруашылық жануарларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жасалып отырған іс-шаралар екенін ешқашан ұмытпауымыз керек.

К.ҚҰРЖАНБАЕВ,
ҚР АШМ ВБЖҚ
Комитетінің Көкпекті
аудандық аумақтық
инспекциясының
бас маманы



ТИІСТІ АУМАҚТАҒЫ ЭПИЗООТИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙДЫ БАҒАЛАУДЫ ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП, ТІРІ МАЛДАРДЫҢ ЭКСПОРТЫ, ИМПОРТЫ КЕЗІНДЕ РҰҚСАТ БЕРУ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТІН КӨРСЕТУ ТӘРТІБІ

Аталған мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 9 желтоқсандағы № 16-04/647 бұйрығымен бекітілген «Тиісті аумақтағы эпизоотиялық жағдайды бағалауды ескере отырып, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің экспортына, импортына және транзитіне рұқсат беру қағидалары» негізінде көрсетіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушы ҚР АШ Министрінің 2014 жылғы 9 желтоқсандағы № 16-04/647 бұйрығымен бекітілген орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің экспортына, импортына және транзитіне рұқсат беру қағидаларының 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушы қағаз түріндегі өтініш қылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан өтінішпен бірге мынандай құжаттар талап етіледі: 1. Экспорттаушы немесе импорттаушы өлмен берілген асыл тұқымды малдың әрбір басқа куәлігі;

2. Экспорт кезінде зертхананың сараптама актісі; Осы құжаттар толық болғанда және объектінің шыққан жерінің (қаланың, ауданның, ауылдың) эпизоотиялық жағдайын, импорттаушы елдің ветеринариялық талаптарын, объектінің сипаттамасын ескере отырып тасымалданатын объектінің экспорттау немесе импорттау мүмкіндігі қарастырылады. Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің экспортына, импортына арналған рұқсат - 2 (екі) жұмыс күн ішінде

берілуі тиіс. Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер: көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттарының немесе олардағы деректердің дұрыс еместігінің анықталуы, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің, көлік құралының, мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті деректер мен мәліметтердің қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі; көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің болуы. Сонымен қатар тасымалданатын объектінің шығатын жеріндегі жұқпалы аурулар бойынша эпизоотиялық жағдайдың қолайсыздығы және импорттаушы елдің ветеринариялық санитариялық талаптарын орындауға мүмкіндіктің жоқтығы дәлелді бас тартуға негіз болады.

Мемлекеттік қызметті көрсету тегін. Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі - демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоспағанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін. Өтініш демалыс (сенбі және жексенбі) және мереке күндерінен басқа сағат 17.00-ден кейін келіп түскен жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызмет келесі жұмыс күнінде көрсетіледі.

**Ғ.МӘКЕНОВ,
ҚР АШМ ВБЖҚ Комитетінің
Көкпекті ААИ бас маманы**

«ҮЗДІК КІТАПХАНАШЫ – 2025» ЖҮЛДЕСІН ИЕЛЕНДІ

Абай атындағы облыстық әмбебап кітапхана директорының орынбасары Гүлмира Аязбаева Қазақстан кітапханалары Одағының шешімімен «Жыл кітапханашысы – 2025» номинациясына ие болды.



Марапат Шымкент қаласында өткен «Қазақстан кітапханалары: кітап оқу мәдениеті, жасанды интеллект және цифрландыру» тақырыбындағы көшпелі отырыс аясында салтанатты түрде табысталды. Отырыста Гүлмира Мұратқызы «Жергілікті қаламгерлер шығармашылығы – кітапханалар қорын толықтыру көзі ретінде» тақырыбында баяндама жасап, Абай кітапханасының іс-тәжірибесімен бөлісті. Облысқа қарасты кітапханалардың кітап қорларын толықтыру шаралары бойынша жүзеге асырып жатқан жоба туралы баяндады. Абай атындағы облыстық әмбебап кітапханасында бүгінде 400 мыңға жуық кітап қоры бар. Оның ішінде 5 мыңнан аса кітапты сирек басылымдар қоры құрайды. Кітаптардың 1500-ге жуық данасы цифрландырылып, пайдаланушыларға ұсынылған. 20 мыңға тарта тұрақты оқырман жыл сайын кітапхананың қызметін пайдаланады. Бүгінде кітапхана қызметкерлері «Абай жолы» кітапханасы, «Алаш» сынды ірі жобаларды жүзеге асырып, ұлттық мұрамызды насихаттауға елеулі үлес қосып отыр. Ерекше атап өтерлігі, кітапхана биылғы мамыр айында «Рухани қазына – 2025» фестивалі аясында «Үздік облыстық маңызы бар кітапхана» номинациясын жеңіп алып, 1 млн теңге көлеміндегі жүлдеге ие болды.

«Бұл марапат Абай кітапханасы ұжымының еңбегіне берілген жоғары баға әрі кітапхана ісіндегі жаңашыл бастамаларға жасалған үлкен қолдау болып отыр. 142 жылдық тарихы бар Абай кітапханасының руханиятқа берер мұрасы мол», - дейді Абай облыстық кітапханасының директоры Мерей Қарт.

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫ ЖЫЛЫ КӘСІПТІК ОҚУДЫ АЯҚТАДЫ

Қысқа мерзімді оқуға жолдаудағы негізгі мақсат – жұмыссыз азаматтардың кәсіби біліктілігін арттырып, оларды еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтарға даярлау.



Жаңа мамандық меңгерген азаматтар тұрақты жұмысқа орналасуға мүмкіндік алып, өңірдің кадрлық әлеуетін арттыруға үлес қосады. Осы бағытта аудандық Мансап орталығымен жоспарлы жұмыстар жүргізілуде.

2025 жылы 16-шы маусымда жұмыс берушілердің Мансап орталығына берген өтінімдеріне сәйкес, 15 адам «Ветеринариялық санитар» мамандығы бойынша аудандық Бесқарағай колледжіне қысқа мерзімді кәсіптік оқуға жолданды. Оқу барысында кәсіптік оқуға қатысушылар теориялық және тәжірибелік білім алып, шаруа қожалықтарының базасында тәжірибелік дағдыларын шыңдады.

ЕҢБЕК АДАМЫНА ҚҰРМЕТ

Абай облысында Еңбек күніне және Жұмысшы мамандықтары жылына орай ерекше шара ұйымдастырылды.

**Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ,
«Semei tanu»**

Олай дейтініміз Абай облыстық еңбек мобильдік орталығы қаламыздағы Мұқан Төлебаев атындағы музыкалық училищесімен бірлесіп отырып, қоғамдық көлік жүргізушілеріне арнап әсем әннен шашу шашты. Сондай-ақ, қоғамдық көлік жүргізушілеріне сәл де болса ауқаттанып алуы үшін жеңіл тағамдар да ұсынылды. Өннен шашу шацқан оқу орнының көркемдік жетекшісі Тынышгүл Ақайқызы мен студенттері жолаушыларды да тамаша көңіл-күйге бөледі.

Шара Еңбек күні мен Жұмысшы мамандықтар жылы аясында ұйымдастырылды. Мұндағы басты мақсаты — қоғамдық көлік жүргізушілерінің еңбегін дәріптеп, олардың қоғамдық өмірдегі рөлін айрықша атап көрсету. Бұл игі бастама – еңбегі еленбей жүрген жандарға деген құрмет көрсетудің бір көрінісі. Таңнан кешке дейін қала тұрғындарының игілігі үшін қызмет атқарып жүрген жүргізушілерге көңіл-күй сыйлау мақсатында ұйымдастырылған шара жұртшылық тарапынан да зор ықыласқа ие болды. Тынышгүл Ақайқызы мен студенттерінің салған әуезді әніне автобустағы әрбір адам риза болып, өздерінің алғыстарын жеткізді. Тіпті, жолаушылардың бірі өзінің ұлының туған күніне деген құттықтау әні жолдаса деп қолқа салды. Ал, көліктегі басқа жолаушылар болса, жүздеріне күлкі ұялап, қол соғып, күздің қоңыр салқынында көңілдері көтеріліп әнді бірлесіп шырақап отырды.

– Еңбек – қоғам дамуының басты тірегі. Бүгінгі іс-шарамыз арқылы қарапайым еңбек адамдарының еңбегін бағалап, құрмет көрсеткіміз келді. Сол үшін Абай облыстық еңбек мобильдік орталығының қолдауымен жан-жақты ұйымдастырдық. Тек әсем ән салып қана қоймай қоғамдық көлік жүргізушілерінің көңілін бір көтеріп қою мақсатында аздаған ас-ауқатта ұсындық. Өздеріңіз күйе болып отырғандай жолаушылар да жақсы қарсы алып жатыр. Дәл осындай шаралар тек осымен тоқтап қалмайды деп үміттенеміз – дейді Мұқан Төлебаев атындағы музыкалық училищесінің көркемдік жетекшісі Тынышгүл Ақайқызы.

Аталған шара барысында тек бір ғана қоғамдық көлікті қамтымай, бірнеше бағыттағы көліктерге әнмен кіріп, күтпеген тосынсыз жасалды. Өнмен өрілген мерекелік сәтте студенттер еңбек адамын ардақтап, құрметтеудің маңызын көрсетті деуге де болады.

– Осыны ұйымдастырған мына балаларға үлкен рахмет. Шыныменде адамның еңбегін бағалап, оған тамаша көңіл-күй сыйлау, сондай-ақ бүкіл жолаушылардың алдында жүргізушінің мәртебесін асыру өте табылған ақыл. Қазіргі қатыгездік артып жатқан қоғамда осындай мейірімділіктің ізі бар іс-шаралар көбейсе нұр үстіне нұр болар еді, - дейді тосын сыйға тәнті болған жолаушылардың бірі Жасталап Жұмажанов.

Мерекелік көңіл-күй тарту еткен бұл шара еңбек адамына деген құрметті арттырып, жастарға өнеге боларлық мән-мағынаға толы іс ретінде есте қалды.



денттер еңбек адамын ардақтап, құрметтеудің маңызын көрсетті деуге де болады.

– Осыны ұйымдастырған мына балаларға үлкен рахмет. Шыныменде адамның еңбегін бағалап, оған тамаша көңіл-күй сыйлау, сондай-ақ бүкіл жолаушылардың алдында жүргізушінің мәртебесін асыру өте табылған ақыл. Қазіргі қатыгездік артып жатқан қоғамда осындай мейірімділіктің ізі бар іс-шаралар көбейсе нұр үстіне нұр болар еді, - дейді тосын сыйға тәнті болған жолаушылардың бірі Жасталап Жұмажанов.

Мерекелік көңіл-күй тарту еткен бұл шара еңбек адамына деген құрметті арттырып, жастарға өнеге боларлық мән-мағынаға толы іс ретінде есте қалды.



ӨНЕР

Режиссер Зака Абдрахманованың алғашқы толықметражды фильмі «Папа умер в субботу» – қазіргі авторлық кино кеңістігінде өз орнын ойып тұрып алатын, терең эмоциялық жүк пен философиялық мағынаға толы туынды. Бұл картина 2024 жылғы «Маяк» кинофестивалінде «Үздік дебют» жүлдесін жеңіп алып, кәсіби сыншылар мен көрермендердің жүрегін бірдей жаулап, заманауи қазақ киносындағы жаңа тыныстың басталғанын игіллегендей болды.

ҮНСІЗ ЖЫЛДАР МЕН КЕШІРІМ ХИКАЯСЫ

Фильм шынайы болмысымен, табиғи бейнелерімен, өмірдің ашы шындығын әдемі поэзиямен жеткізетін көркем тілімен ерекшеленеді. Ол көрерменді ішкі әлеміне үңілуге, өмір мен өлім, кешірім мен өкініш, жатсыну мен жақындасу секілді мәңгілік тақырыптардың маңыздылығын қайта қарауға жетелейді.

Фильмнің басты кейіпкері – Айко есімді отыз жастағы әйел. Ол Мәскеуде сән әлемінде жұмыс істейді, грим жасаушы ретінде танылып қалған. Бірақ сырттай сән-салтанатқа толы болып көрінген өмірінің ішінде терең жара, шешілмеген түйіндер мен жазылмаған жарақаттар бар. Айко – бала күнінен бері әкесінен алыстаған, оны жүрек түбінде қатыгез әрі суық бейнеде сақтап қалған, оның көлеңкесімен өмір сүріп келе жатқан жан. Бір күні ол Мәскеудегі у-шұлы өмірінің арасынан тосын хабар алады: туған ауылынан телефон соққан біреу әкесінің қайтыс болғанын естіртеді. Бұл хабар оның бүкіл ішкі әлемін шайқап, ұзақ жылдар бойы ұмыт бола бастаған өткенін қайта оятады.

Айко амалсыз туған жерге, балалық шағының сахнасына – шағын ауылға оралады. Ол үшін бұл тек географиялық сапар емес, жанның, жүректің, естеліктердің тереңіне бойлау. Ауылға келген сәттен бастап Айко өзін бөтен сезінеді: табиғат таныс, бірақ адамдар жат, үй таныс, бірақ оның ішіндегі үнсіздік мүлде басқа. Алайда біртіндеп, өткеннің елестерімен, ауыл адамдарының әкесі жайлы айтқан естеліктерімен, сіңілісі мен көршісі Кукамен болған әңгімелер арқылы ол өз әкесін мүлде басқа қырынан тани бастайды. Бұрынғы қатыгез бейненің астарынан жұмсақ, мейірімді, өз өмірінің қателіктерімен күрескен адам көріне бастайды.

Осы қарама-қайшылық – Айконың ішкі дағдарысының өзегі. Ол шындықтың бір ғана емес, бірнеше беті бар екенін түсіне бастайды. Бір адамның шындығы екініңшінің иллюзиясы болуы мүмкін. Әкесін жылдар бойы жек көріп келген қызы енді оның адам ретіндегі шынайы болмысын танығысы келеді. Фильм осы ізденістің, ішкі күрестің, ауыр сұрақтарға жауап табу жолының хроникасы іспетті. Айко өткенді қазбалар, жанын жаралаған сәттермен бетпе-бет келіп, олармен татуласуға мәжбүр болады. Ол тек әкесін ғана емес, өзін де қайта ашып, жүрегіндегі жараның тереңіне үңіледі.

Айко ауылда бірнеше күнге қалып, әкесін жерлеу рәсіміне қатысуды шешеді. Бұл – сырт көзге қарапайым шешім сияқты көрінгенмен, оның ішкі әлемі үшін үлкен бетбұрыс болады. Осы бірнеше күннің ішінде Айко бұрын мән бермеген, елемеген ұсақ детальдарға мән бере бастайды: таңғы шық, көше бойындағы ағаштар, бала күнгі таныс иістер, ауыл шетіндегі үнсіздік – бәрі



де оның жанындағы аласапыран ойларға үнсіз күй болып тұрады. Ол бұрынғы менсінбеген жігітпен араласып, ескі жараларын емдеудің жаңа жолын іздейді. Кішкентай диалогтар, қарапайым адамдармен болған қарапайым әңгімелер арқылы Айко өзінің жан әлемінде үлкен өзгерістерге бет алады.

Зака Абдрахманова осы күрделі драмалық оқиғаны ауыр эмоцияларға тұншықтырмай, керісінше, нәзік юмормен, жылы штрихтармен, өмірдің шынайы, табиғи ағынымен жеткізеді. Режиссер камераны жасанды пафостан ада ұстауға тырысқан – ол көріністерді өмірдің өзі секілді қарапайым, бірақ терең мәнге ие етіп береді. Ауылдың тынысы, адамдардың үнсіздігі, олардың көзіндегі мұң мен үміт – барлығы да фильмнің ішкі поэтикалық атмосферасын толықтырып тұр. Фильмнің әр кадры өз алдына бір сурет, бір естелік, бір шындық тәрізді.

Айконың бейнесі арқылы режиссер адамның ішкі жүресінің күрделілігін, кешірудің қаншалықты қиын, бірақ соншалықты маңызды екенін ашып көрсетеді. Айко – кейде қатал, кейде бейкуна, кейде мүлде әлсіз, кейде тіпті өзі түсінбейтін күйде жүрген кейіпкер. Бірақ дәл осы күрделілік оның адам ретіндегі шынайылығын арттыра түседі. Көрермен Айкоға қарап отырып өз өткенін, өз әкесімен не анасымен болған үнсіз сәттерін, айтылмай қалған сөздерін еске алады. Бұл фильм көрерменнің өзі туралы ойлануына, жүректің түпкіріне көз тастауына себеп болатын көркем айна іспетті.

«Папа умер в субботу» – өлім туралы емес. Бұл – өмірді қайта бағалау, жүрек тұ-

біндегі өкініштермен қоштасу, кешірімді қабылдау және ең бастысы – өзіңе деген мейірімділікті қайта табу жайлы туынды. Ол өлімнің суықтығы арқылы өмірдің жылуын ұғындырады. Бұл фильм ауырталпықтан арылуға, жүрекке түскен салмақты жеңілдетуге, жан жарасын емдеуге арналған нәзік медитация секілді әсер қалдырады.

Фильм көрерменге үнсіз ұн қатады. Ол айғайламайды, ақыл үйретпейді, жылап-сықтамайды. Тек жай ғана оқиға айтып береді – бірақ бұл оқиға жанға сіңіп, адамды өзгертеді. Сюжеттің сырты қарапайымдылығының астарында терең ой, өмірлік сабақ, жан тазалығы жатыр. Ол күлдіреді, жылатады, ойландырады және ең бастысы – үміт сыйлайды. «Папа умер в субботу» – бұл күнделікті өмірдің ішінен табылған поэзия. Бұл – кешірімнің құнын түсіндіретін, махаббаттың айтылмаған түрлерін сезіндіретін, шындықтың күрделі болмысын мойындататын фильм.

Зака Абдрахманованың бұл туындысы қазақ киносының жаңа кезеңге қадам басқанын аңғартады. Ол ұлттық болмыс пен заманауи сезімдердің тоғысқан тұсында, көрерменмен шынайы, терең әрі емдік диалог орнатады. Бұл фильм бір көргеннен соң ұмытыла салатын туындылар қатарында емес. Ол санада қалады, жүрекке қонақтайды, уақыт өте келе қайта еске түсіп, адамның өз ішіндегі диалогтарды бастайды. Нағыз өнер осындай болса керек.

Ділназ ТӨЛЕУХАНОВА,
Т.Жүргенов атындағы ҚазҰБА
3-курс студенті

ХАБАРЛАНДЫРУПАР

«METALL MINING» ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

1. Жобалық құжаттаманың атауы: «METALL MINING» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне әсер етуге рұқсат алу үшін материалдар.
2. Әсер ету аймағы: Бельсу кен орны Абай облысы Абай ауданында, Архат ауылынан 8 км жерде, М-44-XXVII парағында, оның батыс бөлігінде орналасқан. Семей қаласынан Архат ауылына дейінгі арақашықтық 180 км, оның ішінде I топ тас жолының бойымен 140 км, грейдер жолымен 40 км, егістік жолдың бойымен 10 км Бельсу учаскесіне дейін. Кен орны орталығының координаттары:
1) 48° 59' 0,5» 80° 03' 26,9»;
2) 48° 59' 1,5» 80° 05' 19,6»;
3) 48° 58' 3,7» 80° 04' 49,0»;
4) 48° 58' 3,1» 80° 03' 28,2»
3. Қоғамдық тыңдаулар 2025 жылғы 5 қарашада сағат 12.00-де Абай облысы, Абай ауданы, Архат ауылдық округі, Архат ауылы, Клуб ғимараты, 3.Белібаев көшесі, 2 үй мекенжайы бойынша. Өтеді.
Zoom конференциясына қосылыңыз
https://us05web.zoom.us/j/87539122431?pwd=emnThyAsQNwyzagMWRaKaRsKOZzQy.1

Конференция ID: 875 3912 2431 Кіру коды: 0crgAU
4. Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «METALL MINING» ЖШС БИН 200140036401 Мекен-жайы: 070100, ҚР, Абай облысы, Абай ауданы, Архат ауылы, Өртқали Қасымжанов көшесі, № 8 ғимарат. тел., электрондық мекенжай: kozhahanov_st@metallmining.kz.
5. Әзірлеуші: «Лаборатория –Атмосфера» ЖШС. БСН 010240004556. Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Потанин көшесі, 35, н.п. 66, телефон 8(7232) 76-70-39, 8 (777) 783 54 60, e-mail uklab_ecolog@mail.ru.

6. Жобалық құжаттама пакетімен экологиялық порталда: https://ndbecology.gov.kz/, сондай-ақ Абай облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының сайтында: https://www.gov.kz/memleket/entities/ abay-tabigat?lang=ru танысуға болады.

7. Жоспарланған қызмет туралы, қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы қосымша ақпаратты, сондай-ақ жоспарланған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін мына мекенжайлар бойынша сұратуға болады «METALL MINING» ЖШС БИН 200140036401.

Мекенжайы: 070100, ҚР, Абай облысы, Абай ауданы, Архат ауылы, Өртқали Қасымжанов көшесі, № 8 ғимарат. тел., электрондық мекенжай: kozhahanov_st@metallmining.kz.; «Лаборатория –Атмосфера» ЖШС, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ., Потанин к-сі, 35, н. п. 66, телефон 8(7232) 76-70 39, 8 (777) 783 54 60, e-mail uklab_ecolog@mail.ru .

8. Ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей мына мекенжайлар бойынша қабылданады: электрондық мекенжай– <prigodnyue_resursy obl.abay@mail.ru>; пошталық мекенжай - Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Семей қаласы, Тұрлыханов көшесі, 30. Телефон 8 777 955 63 34.

«METALL MINING» ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

1. Жобалық құжаттаманың атауы: Абай ауданындағы Бельсу алтын кен орнында оксидті кенді ашық әдіспен өндіру жоспарына (түзету 2025ж.) ықтимал әсер туралы есеп
2. Әсер ету аймағы: Бельсу кен орны Абай облысы Абай ауданында, Архат ауылынан 8 км жерде, М-44-XXVII парағында, оның батыс бөлігінде орналасқан. Семей қаласынан Архат ауылына дейінгі арақашықтық 180 км, оның ішінде I топ тас жолының бойымен 140 км, грейдер жолымен 40 км, егістік жолдың бойымен 10 км Бельсу учаскесіне дейін. Кен орны орталығының координаттары:
1) 48° 59' 0,5» 80° 03' 26,9»;
2) 48° 59' 1,5» 80° 05' 19,6»;
3) 48° 58' 3,7» 80° 04' 49,0»;
4) 48° 58' 3,1» 80° 03' 28,2»
3. Қоғамдық тыңдаулар 2025 жылғы 5 қарашада сағат 11.00-де Абай облысы, Абай ауданы, Архат ауылдық округі, Архат ауылы, Клуб ғимараты, 3.Белібаев көшесі, 2 үй мекенжайы бойынша. өтеді.
Zoom конференциясына қосылыңыз
https://us05web.zoom.us/j/88327823161?pwd=IEX45aS33fKqjCKbtIGkjDbu5q6JsY.1
Конференция идентификаторы: 883 2782 3161 Қатынас коды: 2bkPaw

4. Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «METALL MINING» ЖШС БИН 200140036401 Мекен-жайы: 070100, ҚР, Абай облысы, Абай ауданы, Архат ауылы, Өртқали Қасымжанов көшесі, № 8 ғимарат. тел., электрондық мекенжай: kozhahanov_st@metallmining.kz.
5. Әзірлеуші: «Лаборатория –Атмосфера» ЖШС. БСН 010240004556. Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Потанин көшесі, 35, н.п. 66, телефон 8(7232) 76-70-39, 8 (777) 783 54 60, e-mail uklab_ecolog@mail.ru.

6. Жобалық құжаттама пакетімен экологиялық порталда: https://ndbecology.gov.kz/, сондай-ақ Абай облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының сайтында: https://www.gov.kz/memleket/entities/ abay-tabigat?lang=ru танысуға болады.

7. Жоспарланған қызмет туралы, қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы қосымша ақпаратты, сондай-ақ жоспарланған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін мына мекенжайлар бойынша сұратуға болады «METALL MINING» ЖШС БИН 200140036401 Мекенжайы: 070100, ҚР, Абай облысы, Абай ауданы, Архат ауылы, Өртқали Қасымжанова көшесі, № 8 ғимарат. тел., электрондық мекенжай: kozhahanov_st@metallmining.kz. ; «Лаборатория –Атмосфера» ЖШС, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ., Потанин к-сі, 35, н. п. 66, телефон 8(7232) 76-70 39, 8 (777) 783 54 60, e-mail uklab_ecolog@mail.ru .

8. Ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей мына мекенжайлар бойынша қабылданады: электрондық мекенжай– <prigodnyue_resursy obl.abay@mail.ru>; пошталық мекенжай - Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Семей қаласы, Тұрлыханов көшесі, 30. Телефон 8 777 955 63 34.

Жолаушылар мен багажды автомобильмен қалалық (ауылдық) тұрақты тасымалдау маршруттарына қызмет көрсету құқығына арналған конкурсты өткізу туралы хабарландыру

1. Абай облысы «Семей қаласының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ, 2025 жылдың 25 қазанында сағат 15:00-де Абай облысы, Семей қаласы, Тәңірберген көшесі,1, 415 кабинет мекенжайы бойынша жолаушылар мен багажды автомобильмен қалалық (ауылдық) тұрақты тасымалдау маршруттарына қызмет көрсету құқығына арналған конкурсты өткізу туралы хабарлайды.
2. Конкурсқа келесі маршруттардың лоттары шығарылады:

Лот №	Бағыт нөмері	Бағыт атауы	талап өтілетін жылжымалы құрам автобустың түрі	
			шығу саны	үлкен сыйымдылықтағы автобустар, екі есіктен кем емес
1	10	Туберкулез диспансері - 10-шы Юность жолағы	10	

3. Конкурсқа меншік нысанына қарамастан, меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде автокөлік құралдары бар кез келген жеке және заңды тұлғалар қатысады.
4. Конкурсқа қатысуға тілек білдірушілер Абай облысы «Семей қаласының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ-не конкурстық құжаттардың жиынтығын алуға жазбаша өтінімді Абай облысы, Семей қаласы, Тәңірберген көшесі, 1, 416 каб. мекенжайы бойынша ұсынуы тиіс.
5. Конкурстық құжаттарды алуға өтінімдерді қабылдаудың және Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі: 2025 жылдың 15 қазанында 18.00 дейін.
6. 2025 жылғы 26 қыркүйекте конкурстық Комиссия конкурсты өткізу мәселелері жөніндегі конкурс алдындағы конференцияны өткізеді.
7. Анықтама алу үшін телефон: 35-45-15.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

«Зайсан құрылыс компаниясы» ЖШС «Абай облысы Ақсуат ауданындағы Сәтбаев кен орнында кең таралған пайдалы қазбаларды (құм-киршық тасты материалдар) өндіру бойынша операциялардың салдарын жою жоспары» жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізуде.

Сәтбаев құм-киршық тас кен орны Абай облысының Ақсуат ауданында, оңтүстігінде (бір шақырымнан астам) аттас ауылмен шектеседі. Саяттың географиялық координаттары: Учаскелің географиялық координаттары: Солтүстік ендік Т. 1) 47° 52' 51", 2) 47° 52' 51" 3) 47° 52' 40" 4) 47° 52' 40" Шығыс бойлық: Т. 1) 82° 36' 30" 2) 82° 36' 45" 3) 82° 36' 45" 4) 82° 36' 32"

Тыңдаулар жария талқылау нысанында өтеді, жобалар 06.10.2025 ж. бастап 17.10.2025 ж. дейін қолжетімді болады. Бірыңғай экологиялық порталға және жергілікті атқарушы органның ресми интернет-ресурсына сілтеме: https:// ndbecology.gov.kz/; https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat.

Ескертулер мен ұсыныстар жазбаша немесе электрондық нысанда мына мекенжай бойынша қабылданады: «Қазақстан Республикасы Абай ауданының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі, мекенжайы: Абай ауданы, Семей қаласы, Тұрлыханов 30 үй.

Сауалдар мен өтініштер үшін келесі электрондық пошта мекенжайын пайдалануға болады: uprigr.abay@akimatabai.gov.kz тел. +7 7779805737.

Ұсыныстар жазбаша немесе электрондық нысанда мына мекенжай бойынша қабылданады: «Қазақстан Республикасы Абай ауданының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі, мекенжайы: Абай ауданы, Семей қаласы, Тұрлыханов 30 үй.

Жоспарланған қызмет туралы қосымша ақпарат алуға болатын электрондық мекенжай және телефон нөмірі: eco-optimism@mail.ru 8 7017287850.

Құрылыс компаниясы «ZAYSAN» ЖШС Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан ауданы, Зайсан қаласы, Д.Конаева 133 БСН: 050240002785 «Береке Банкте» ИИК KZ77914102203KZ0029E БСК: БСК БРКЕКЗКА.

Әзірлеуші: Астана қаласы» ЭкоОптимум «ЖШС, Бауыржан Момышұлы даңғылы, 12.» Меруерт-Тау « БО, 202 кенсе, тел. 8 7017287850.

Жергілікті атқарушы органның электрондық және пошталық мекенжайы: «Қазақстан Республикасы Абай ауданының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі, мекенжайы: Абай ауданы, Семей қаласы, Тұрлыханов 30 үй, тел. +7779805737, uprigr.abay@akimatabai.gov.kz.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

06.10.2024 ж. бастап 17.10.2024 ж. дейін ҚО мен ТРЖ ҰДБ сайтында https://ndbecology.gov.kz/ «Абай облысы Мақаны ауданында орналасқан «Мақанши-ПГС» кең таралған пайдалы қазбалар қарьерін жою жоспары» жобасы бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «Медина-Құрылыс» ЖШС, БСН 110440021366. Мекенжайы: Абай облысы, Аягөз қаласы, Бауыржан Момышұлы к-сі, 48, 16А пәтер, тел.: +7 778 198 07 07; +7 776 089 0707, e-mail: ergbol777@mail.ru.

Әзірлеуші: «Жетісу-Жерқойнауы» ЖШС, БСН 110440009773. Мекен-жайы: Алматы облысы, Қарасай ауданы, Қаскелең қ., Көшек батыр к-сі, 165, тел. +77474676274, e-mail: zh.zherkoinau@mail.ru.

Қосымша ақпарат алуға болатын мекенжайлар мен электрондық мекенжай: тел. +77474676274, e-mail: zh.zherkoinau@mail.ru. Жоба материалдарымен ndbecology.gov.kz сайтында «Қоғамдық тыңдау» бөлімінде танысуға болады.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

«ГМК «Васильевское» ЖШС Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Жобалық құжаттаманың атауы: «Васильевское кен орнындағы тау-кен жұмыстарының зардаптарын жоюдың болжалды құнын жою және жою жобасының» ықтимал әсері туралы есеп).

Әсер ету аймағы: Абай облысы, Жарма ауданы, Ақжал а. о. Жұмыс учаскесінің ауданы 191,13 га құрайды. Координаттар: 1. 49° 5' 35.97989» се, 81° 34' 18.26013»шб; 2. 49° 5' 32.32179» се, 81° 34' 44.73662»шб; 3. 49° 5' 29.64178»се, 81° 34' 42.36174»шб; 4. 49° 5' 25.86492»се, 81° 34' 51.72107»шб; 5. 49° 5' 25.11454»се, 81° 34' 54.55475»шб; 6. 49° 5' 25.19996»се, 81° 34' 57.75898» шб; 7. 49° 5' 30.00602»се, 81° 35' 1.49073»шб; 8. 49° 5' 27.99997»се, 81° 35' 16.00002»шб; 9. 49° 5' 20.38050»се, 81° 35' 32.39795»шб; 10. 49° 5' 16.67537»се, 81° 35' 29.06652»шб; 11. 49° 5' 14.99245»се, 81° 35' 33.40532»шб; 12. 49° 5' 18.46445»се, 81° 35' 36.52111»шб; 13. 49° 4' 57.24043»се, 81° 36' 22.18171» шб; 14. 49° 4' 54.54935»се, 81° 36' 19.76086»шб; 15. 49° 4' 52.74603»се, 81° 36' 24.40765»шб; 16. 49° 4' 34.99989» се; 81° 36' 3.99987»шб; 17. 49° 5' 21.00026»се, 81° 34' 19.99996»шб.

Қоғамдық тыңдаулар 06.11.2025 жылы сағат 11:00-де Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Жарма ауданы, Ақжал ауылы, Жаңаөзен ауылы, Ер Жәнібек көшесі 8, «Ақжал ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ ғимаратында өтеді. Ақжал және Бөке елді мекендері Әкімшілік жағынан Жаңаөзенге жататын Ақжал ауылдық округіне жатады. Бөке, Ақжал кенттерінің тұрғындары үшін қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін келік беріледі. Бөке және Ақжал кенттерінен келікті жөнелту уақыты 06.11.2025 жылы сағат 09:30-да. Қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін мына сілтеме бойынша өту қажет: https://us04web.zoom.us/j/78388064096?pwd=AMrF3tFC6wV1CyiX1tJljb3rgT a.1. Конференция идентификаторы: 783 8806 4096, кіру коды: 0VVWvas. Тіркеу талқылау басталғанға дейін 15 минут бұрын басталады. Қосылу мәселелері бойынша көзделіп отырған қызмет бастамашысының телефондары бойынша хабарласуға болады.

Жобалық құжаттама пакетімен «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» порталда танысуға болады https://ndbecology.gov.kz, сондай-ақ «Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ ЖАО сайтында e-prioda.gov.kz «қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде: https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat.

Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» порталда, сондай-ақ Семей қаласы, Тұрлыханов көшесі, 30, «Абай облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел. қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады: 8 (7222) 35-44-32. Электрондық мекен-жайы: prigodnyue-resursy-obl.abay@mail.ru.

Қоғамдық тыңдауларды өткізу қағидаларына сәйкес ашық жиналысты өткізу мерзімі қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылады.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «ГМК «Васильевское» ЖШС.Қазақстан Республикасы,050060, Алматы қаласы,Бостандық ауданы, Өл-Фараби даңғылы, 75/7 үй, БСН: 080840017304, e-mail: wowzeroskill@gmail.com, тел: 8-775-176-01-47.

Жобалық құжаттаманы ә



ТҚНЫМ

АТАҚТЫЛАРДЫҢ АРТЫҚ ҚЫЛЫҚТАРЫ

Әлемге әйгілі ұлы дарындардың қызықты әдеттерінің бар болғанына қатты таң қалудың қажеті жоқтай. Бірақ, кейбіреулерін қызықтыратын нәрселер шынымен бас шайқатарлық. Мәселен, Шиллерді шіріген алманың иісі шабыттандыратынын біліп пе едіңіз? Ал Агата Кристи тағы бір қылмысты жазып шығу үшін тоқтамай алма жеген.

Ақын Эрнст Ледерер ашықтау көк сиямен жақсы қағазға ғана жазыпты. Өрине, ақын-жазушылардың ондай қағаз бен қаламсапқа аса мән беруі қалыпты жайт шығар. Ал басқа да қызықты, адам таңғаларлық дағдыларына қарап, оларды «біртүрлі адамдар» деуге толық негіз бар. Бірақ, сол ерекшеліктері олардың керемет дүние жасауына ықпал еткен де болар, кім біледі?!

ЧАРЛЬЗ ДИККЕНС

Ағылшын тілді ең атақты жазушы Чарльз Диккенстің кітаптары бұл күнде шаң басып жатпағанына толық негіз бар. Сондай атақты адамның өте қызықты әдеті болған екен. Қандай дейсіз ғой? Ол мәйітхананы ұнатқан. Қызық! «Мені мәйітханаға тартып тұратын бір күш бар», – деп жазды Диккенс. Чарльз өзі барған барлық қаланың мәйітханасын аралап шыққанына күмен келтірмейміз. Жай ғана аралап шықпай, жазушы онда бірнеше сағаттап, қайтыс болғандардың денесіне үңіліп отыратын болған. Ол бұл сөзімін «жиіркенішті нәрсеге тартылыс» деп баяндайды.

Жазушының тағы бір дағдысы - ер жазған 50 қатар мәтіннен соң, ыстық суды ұрттап отырған.

РОАЛЬД ДАЛЬ

Парадокстың шебері, ағылшын жазушысы, ері ертегі құрастырушы Роальд Даль жалғыздықта жұмыс істегенді жақсы көрген. Сондықтан жазушы шабыты келгенде «құшық» деп атайтын үй ауласындағы сарайына кетіп қалатын болған. Оның «құшығында» тек кресло тұрған, ал жау жазатын үстел туралы айтылмайды. Себебі, жазушы сызық-сызық сары блокнотқа қарындашпен тұра тізесіне қойып жазып отырыпты. Міне, тағы бір қызық!

ВИРДЖИНИЯ ВУЛФ

Тағы сол ағылшындық жазушының біріне тоқталамыз. Вулф «белгілі бір шығарма жазғалы тұрған кез келген әйелдің құралы мен жеке бөлмесі болуы керек» – дейді. Жазушы-модернистің бір ерекшелігі - түс болған. Яғни, сиялардың түрлі түстілігі. Эрнст Ледерер секілді Вирджиния алуан түрлі қаламсаптарды пайдаланған. Жасыл, көк, қызыл... Ал ең сүйікті түсі – күлгін түс. Сондай-ақ, жазушы тік тұрып жазды екен. Жазу үстелі ретінде кишігірім тапсырыспен жасалған мольбертті пайдаланған.

АНТОН ЧЕХОВ

Орыстың ұлы жазушысы, драматург Чехов өте талапшыл жан болған. Егер бір шешім шығарса, соны қалайда орындайды екен. Оны ешкім жолынан қайтара алмаған. Сондай-ақ, ол ұқыпты, мұнтаздай таза болған кісі. Оның бөлмесінде ербір зат өз орнында тұрған. «Адамда барлығы тамақ болуы керек: бет-әлпеті, киімі, жан дүниесі, сол сияқты ойы да», – дейді Чехов. Антон Павлович ауыр сырқатына қарамастан үйіне келген қонақты ешқашан жатын киімімен қарсы алмаған. Сол сияқты жазуға отырғанда да жақсы костюм киген.

ГЕНРИ МИЛЛЕР

«Жазушылық туралы ойлану» атты кітабы арқылы біраз шуға қалған Генри Миллер мынандай ойларымен бөліседі: тек бір шығармамен айналыс, оны аяқтамайынша басқасын бастама; жаңа нәрсе тудыра алмасаң, еңбектен; жазушылық – бірінші орында, басқасын кейінге қалдыр; бірақ, адам боп қалу керек, достарыңмен кездес, әртүрлі орындарға бар, қаласаң, іш. Осыған байланысты Миллер күнделікті таңертең және түскі астан соң, жазуға отырған (тек көңіл-күйі жақсы болғанда, ал болмаса өзіне бірнәрселерді түртіп қана уақыт өткізген). Ал, кешкілік достарымен кездесіп, көңіл көтеріп, қыдырған, кейде сурет салған.

АГАТА КРИСТИ

Детектив жанрының шебері, әлемнің жүздеген тілдеріне аударылған 78 романның авторы Агата Кристи өз кітаптарының желісін алма жеп отырып, ыдыстарды қайта жуу арқылы құраған. Оның сөзінше, ыдыстарды жуу жаңа кісі өлтіру оқиғасын тудырса, алма желінің ары қарай дамуына ықпал етеді екен. Сол сияқты Агата Кристи көз келген жерде, тіпті ең ыңғайсыз қалыпта отырып жаза берген. Оның үйінде көп уақытқа дейін жазу үстелі болмаған. Соған қарамастан, Кристи әлемге танымал жазушы бола білді. Черчилль Кристидің қылмыс арқылы дүние жүзіндегі ең жолы болған ұрыдан да көп табыс тапқанын езілдеп айтқан екен.

АЛЕКСАНДР ПУШКИН

Пушкин лимонад десе, «ішкен асын жерге қойған». Өсіресе, түнде лимонадты ұрттап отырып, ерекше шабыттанған. Сондай-ақ, кофе де Александр Сергеевичтің сүйікті сусындарының бірі болыпты. Константин Данзастың естелігінде мынандай қызықты жайт бар. Пушкин Дантеске дуэльге аттанғанда кондитерлік дүкенге кіріп бір стақан лимонад ішіп шығыпты.

УИЛЬЯМ ВОРДСВОРТ

Ағылшын ақыны жаңа өлеңін немесе поэмасын өзінің итіне оқыған екен. Иті үрсе, жақсыырым, алғырылдаса, шығарманы қайта түзеткен. Сонда, Вордсворттан қалған шығарманың бәрі итінің «алдынан» өтті деген сөз бе? Мәссаған!

ФРИДРИХ ШИЛЛЕР

«Мен өзіме мәңгілік жұмбақ боламын», – деп жазған Фридрихтың дағдысы басқалардан тым ерекше. Бір күні Гете досының халін сұрап бара қалады. Шиллер сыртқа шығып кетіпті. Өйелі досын жұмыс кабинетінде тоса тұруын өтінеді. «Креслоға отырғанымда өткір жағымсыз иіс мұрныма келе қалды. Бірден жүрегім айнып кетті де, терезеге қарай ұмтылдым. Ол үден шыққан иіс екен деп қарасам, үстел үстіндегі жештің ішінде шіріген алмалар тұр екен. Жылдам үй жинаушыны шақырып, мына сұмдықтың көзін құрт деп өтінгем. Ал ол

мұның әдейі тұрғанын, бұл алмаларсыз үй иесі жұмыс істей алмайтынын жеткізді. Біраздан соң, Фридрих келіп, оның сөзін растады», – дейді Гете.

ФЕДОР ДОСТОЕВСКИЙ

Федор Михайловичтің ерекше бірі қыры – адамдарға деген қызығушылығы. Ол әрдайым бейтаныс жандармен танысып, көптеген сұрақтар қойып, ойын біліп отырған және диалогты өзі жүргізіп, көзіне тіке қарайтын болған. Осы арқылы жаңа шығармаларына кейіпкерлер іздеген екен.

Ал барлығын ойға түйіп болғанда, қамалып алып, тамақ пен ұйқыны ұмытып ұзақ жұмыс істепті. Сол сияқты Достоевский өз мәтіндерін дауыстап айтады екен. Бірде «Преступление и наказание» шығармасын жазып отырғанда, үй қызметкері бөлме есігінен шығарма кейіпкерлері кемпір мен Раскольниковтың әңгімесін естиді. Жазушы біреуді өлтіргелі жатыр екен деп ойлаған байғұс құлы қызмет көрсетуден бас тартыпты.

ОНОРЕ ДЕ БАЛЬЗАК

Бальзак 5-7 шыныаяқ кофе ішпесе, жұмыс үстеліне отырмаған көрінеді. Ол өмірінде бас-аяғы 50 мыңға жуық шыныаяқ кофе ішкенін есептегендер бар екен. Сондай-ақ, Бальзак талантты адамдар алдында ылғи шляпасын шешіп құрмет көрсетеді екен. Кебінесе өзі туралы айтқанда солай істесе керек.

ЛЕВ ТОЛСТОЙ

Орыстың ұлы жазушысы Лев Толстой белсенді іс-қимылсыз өмір сүре алмаған. Егер күніне бір рет серуендемесе, түнімен ұйықтап алмай, ідәккөшіп шығады екен. Атпен серуендеу оны қызықтырмағандықтан, жазда шалғы мен соқа ермегі болса, қыста отын шабумен айналысқан. Бұл да бір қызықты дағды екен?!

ЛЮДВИГ ВАН БЕТХОВЕН

Композитор Бетховен көп қырынбай жүретін болыпты, себебі сақал-мұртын алып тастау шабыттың жолын бөгейді деп есептеген. Ал жаңа бір музыкасын жазбас бұрын, бір шелек мұздай суды төбесінен құйып алдын көрінеді. Оның ойынша, бұл әдіс мидың жұмысына стимул береді. Шынымен де, композиторге суық судың пайдасы тиген секілді ме, қалай?

ТОМАС ЭДИССОН

Өнертапқыш Томас Эдисонның күніне бірнеше рет мызғып алатын әдеті болыпты. Ол көз іліп алу үшін орын таңдамайды екен. Кресло болсын, шкаф болсын, жұмыс үстелі болсын оның төтті ұйқысына тосқауыл болмапты. Тіпті, бірде өз лабораториясының үстелінде ұйықтап кеткен Эдисон күйе жаздаған. Сол секілді оның ұйқысы жарты сағатқа созылса да, тым қатты болған. Оны орынсыз ояту ешкімнің қолынан келмесе керек.

АЛЬБЕРТ ЭЙНШТЕЙН

Осындай ұлы адам ешқашан шұлық кимегенін бұрын-соңды естіп пе едіңіз? Ол үшін шұлықтың ешқандай қажеті болмаған сияқты. Ал ресми шараларға баратын болса, шұлық кимегені көрінбес үшін, ұзын етіктер киген.

Ғаламтордағы ақпараттар негізінде өзірлеген Еркежан ҚАЙСА

<https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-upr?lang=ru>

Барлық ескертүлер және / немесе ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен көшіктірілмейтін мерзімде қабылданады esportal.kz, сондай-ақ эл. мекен - жайы - vostok-er@mail.ru.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн-режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме бірыңғай экологиялық порталда және ЖАО сайтында ұсынылатын болады <https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-upr?lang=ru>.

Қосымша ақпаратты электрондық пошта арқылы алуға болады. мекен-жайы – vostok-er@mail.ru, және телефондары бойынша: 8(7232) 768276.

Қоғамдық тыңдауларға қатысуды тіркеу үшін өзіңізбен бірге жеке куәлігіңіз болуы тиіс. Қатысушыларды тіркеу сағат 11:00-ден басталады.

Өзірлеуші: ЖШС «ВостокЭКОпроект», БСН 200340020928, ҚР, ШҚО, Өскемен қ., Потанин к-сі, 12 («Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесі №02191Р лицензиясы 24.06.2020ж. берілген).

ХАБАРЛАНДЫРУ

«СВХ Сухой Порт Семей» ЖШС Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 96-бабына сәйкес, 2025 жылғы 11 қараша күні сағат 11:00-де Абай облысы, Семей қаласы, 10-шы Кірпішный переулогы, 55-үй мекенжайында ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар «СВХ Сухой Порт Семей» ЖШС-нің 2026–2035 жылдарға арналған атмосфераға ластанушы заттардың рұқсат етілетін шығарындыларының нормативтері жобасы, қалдықтарды басқару бағдарламасы, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары бойынша өткізіледі.

Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады esportal.kz, сондай-ақ ЖАО сайтында.

«ҰЛТТЫҚ ҚОР - БАЛАЛАРҒА»

2024 жылдың 1 ақпанынан бастап (2025 жылғы 1 қыркүйектегі деректер бойынша) 19,04 млн АҚШ долларына 139 774 өтініш орындалды (өтініш берушілердің банктік шоттарына аудару үшін уәкілетті операторларға аударылды). Оның ішінде тұрғын үй жағдайларын жақсарту мақсатында 12,25 млн АҚШ долларына 87 841 өтініш, білім алу ақысын төлеу үшін 6,79 млн АҚШ долларына 51 933 өтініш орындалды. Естеріңізге сала кетейік, нысаналы жинақтардың алушы барлық соманы немесе оның бір бөлігін пайдалануға құқылы, ақшаның пайдаланылмаған қалдығы нысаналы жинақтау шотында (НЖШ) қала береді.

Тұрғын үй жағдайларын жақсарту аясында қазақстандықтар қаржыларын көбінесе мынадай мақсатта пайдаланды: одан әрі жинақтау үшін тұрғын үй құрылысы жинақтарындағы салымды толықтыру (11,98 млн АҚШ долларына 85 735 өтініш орындалды), тұрғын үй

19,04 млн АҚШ доллары пайдаланылды

сатып алуға ипотекалық тұрғын үй қарызын алу үшін бастапқы жарнаны өңізу – 92,13 мың АҚШ долларына 700 өтініш, азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша меншікке тұрғын үй сатып алу (түпкілікті есеп айырысу) – 62,27 мың АҚШ долларына 514 өтініш.

Білім алу ақысын төлеу бойынша ең танымал қосалқы мақсаттар: Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан білім ұйымдарының білім беру қызметтеріне үлестермен (әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы үшін) немесе бір рет толық көлемде (бүкіл оқу мерзімі үшін) ақы төлеу (6,08 млн АҚШ долларына 45 901 өтініш орындалды), білім алу үшін жинақтау салымды туралы шарт бойынша білім алу жинақтау салымын толықтыру (499,07 мың АҚШ долларына 4 309 өтініш орындалды),

шетелдік білім беру ұйымдарының оқыту қызметтеріне үлестермен (әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы үшін) немесе толық көлемде біржолғы (бүкіл оқу мерзімі үшін) ақы төлеу (174,03 мың АҚШ долларына 1 411 өтініш орындалды).

Нысаналы жинақтар төлемін тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім алу ақысын төлеу мақсатында пайдалану бойынша уәкілетті операторлар мен өңірлер бөлінісіндегі толық ақпаратпен enpr.kz сайтында танысуға болады.

Естеріңізге сала кетейік, «Ұлттық қор - балаларға» бағдарламасына сай Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық кірісінің 50%-ы жылына бір рет 2006 жылы және одан кейін туған, Қазақстан Республикасының



СІЗ БІЛЕСІЗ БЕ?

Күнделікті тігін тіккенде немесе шаш қысқартуда пайдаланылып жүрген кәдімгі қайшыны Леонардо да Винчи ойлап тапқан.

Адам көзін ашып түшкіре алмайды екен.

Қытайда ағылшын тілінде сөйлейтін адамдар АҚШ-тағы ағылшын тілінде сөйлейтін адамдардан да көп.

Біздің құлағымыз бен мұрнымыз өмір бойы өсуін тоқтатпайды.

Түйеқұстың миынан көзі үлкен.

Ақ аюдың терісінің түсі негізінде қара түсті.

Ақ аюлардың барлығы солақай болады.

Қолтырауын тілін шығара алмайды.

Тіл — адамның денесіндегі ең мықты бұлшық ет.

Ең алғаш машинкамен жазылған роман - «Том Сойердың басынан кешкендері».

Пілдер — секіре алмайтын жалғыз хайуан.

Грецияның әнұраны 158 шумақтан тұрады.

Жолбарыстың тек жүндері емес, терісі де ала болады.

Орта есеппен адам жеті минутта ұйықтайды.

Ер адамдар күніне орташа есеппен 7000 сөз қолданатын болса, әйелдер 20000 сөз қолданады екен.

Делоникс Королевский әлемдегі ең биік гүл екен.

Әлемдегі тарихи өте құнды сақина Сүлеймен патшаның сақинасы екен, онда «Бәрі де өтеді де, кетеді» деген жазу бар.

— Адамның жүрегі тәулігіне 100 мың рет соғады екен, орташа есеппен жылына 40 млн рет соғады. Жүректің күнделікті жұмсалатын энергиясы 900 кг ауыр салмақты көтере алады және 14 м биіктікті бағындырады. Осы кездегі адам жүрегінің ұзындығы 5 шақырым болатын каналға қан толтырып қойса, жылы температурада ұстап тұра алады. 50 жастағы адам жүрегінің жұмысы 18 мың тонна салмақты және 227 шақырымға тең келеді екен.

adidas.kz

Бала тілі – бал


ЖОЛДЫҢ ПАЛАСЫ

Мектепке бармай тұрған кезінде кішкентай Дастан ауылдағы ата-әжесінің үйіне келді. «Нива» машинасымен ойлы-қырлы жолсыз өлкемен қыстауға бет алғанда, қаланың асфальтінен басқа жол көрмеген Дастан:

- «Ата мына жолдың паласы қайда кеткен?» деп сұрады.

КӨП БЫЛГЕННІң «ПАЙДАСЫ»

Дастан бірде нағашы ағасының үйіне қыдырып барды. Үлкендер үй ішінде отырғанда, бір топ бала сыртта ойнап жүрді. Нағашы ағаларының қып-қызыл, биік шетелдік көлігі бар екен. Балалар соны тақта ретінде пайдаланып, біреуі бормен, біреуі шегемен жазу жаза бастады.Көпшілігі ұсақ балалар екен де балабақшаның ересектер тобында аздап жазу жазуды үйренген Дастаннан сауаттысы жоқ екен. Өзгелердің түсініксіз шимайын ұнатпаған



Дастан мақтанғысы келіп, кетіп келіктің қабырғасына Дастан деген өз атын шегемен сызып отырып жазып шықты. Ертеңінде көлігін көрген нағашы ағасы кінәлінің кім екенін тез тауып алды.

«ҚЫЗТАРАҚ»

- Дастан, аяқ киіміңнің ішіне ұлтарақ салып қойдым, су болса кептіріп киіп жүретін боласың,- деді анасы. Ұлтарақ деген сөз құлағына тосын естілсе керек,

Дастан дереу.

- Ана, ұлдардың аяқ киіміне ұлтарақ салынады, ал қыздардың аяқ киіміне қызтарақ салына ма?-деп сұрады.



банктік шот ашып, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім алу ақысын төлеу үшін НЖ төлеміне онлайн-өтініш беру үшін жүгіне алады.

kids.enpr.kz сайтында және БЖЗҚ/ЕНПФ YouTube-арнасында Бағдарламаның шарттарымен, қажетті нұсқаулықтармен танысып, өзіңізді қызықтыратын сұрақтарыңызға жауап ала аласыз. Сондай-ақ, «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасын іске асыру, бала көмелетке толғанға дейін және одан кейінгі іс-қимыл алгоритмі туралы бейне нұсқаулықты БЖЗҚ/ЕНПФ YouTube-арнасында <https://www.youtube.com/watch?v=a9L8N4Q280M> сілтемесі бойынша көруге болады.

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы

«Семей таны» газеті 1969 жылы «Құрмет белгісі» орденімен, 2009 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы гранттымен марапатталған.

Директор – Риза АСАНҚЫЗЫ МОЛДАШЕВА
Бас редактор – Сәтжан ҚАСЫМЖАНҰЛЫ
Редактордың орынбасары – жауапты хатшы Роза ПУШПАҚОВА

www.semeytany.kz
www.semeytany.kz Email: info@semeytany.kz

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитеті берген қайта тіркеу куәлігі № KZ49VPY00121173, 05.06.2025 ж.

Газет «ABAI AIMAQ MEDIA» ЖШС компьютерлік орталығында теріліп және беттеліп, «Басып шығару баспасы» «Рекламның дәйігестік агенттігі» ЖШС (Өскемен қаласы, Абай даңғылы, 20) баспа орталығында офсеттік әдіспен басылып шығады.

Индекс 06061. Тапсырыс 259. Бағасы келісімді.

Аптасына екі рет - сейсенбі, жұма күндері шығады.

Жарияланған мақалалардың авторлардың пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама үшін жауапкершілік жарнама берушілердің құзырында.

Меншікті тілшілеріміз: Бородулихада - 8 776 740 87 21, Бесқарағайда - 8 775 433 44 08.

Редакцияның мекенжайы: F18A5H3, Семей қаласы, Қайым Мұхамеджанов көшесі, 12.
Тел.: Директордың қайыдау бөлмесі - 52-36-57; бас редактор - 52-04-75; редактордың орынбасары - 52-09-84; жарнама және баспасөзге жазылу бөлімі - 56-08-03; факс - 52-04-75; бухгалтерия - 52-38-32

ШЫҒАРЫЛЫМНЫҢ ТАРАЛЫМЫ 20820

Кезекші редактор Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ